



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти

РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Қадірлі отандастар!

Баршаңызды күллі мұсылман баласы асыға күтетін қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бақыт пен береке, мықты денсаулық тілеймін!

Шариғатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқыншы кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ, жүкті немесе омырауда баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінге қалдыруына болады. Бұған шариғатымыз рұқсат береді.

Біз талай сыйдарлы сәттерді бастан кешіп келе жатқан халықпыз. Иманымыз бен бірлігіміздің арқасында қиындықты еңсеріп, өсіп-өнген елміз. Аллаға шүкір, елділімізді көрсетіп, кешегі «қасиретті қаңтар» оқиғасын еңсердік. Екі жылға созылған пандемиялық жағдай кезінде де бірлігімізді көрсеттік.

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Шын мәнінде қиындықпен бірге жеңілдік бар» («Шарх» сүресі, 6-аят) дейді. Міне, бүгінде қасиетті Рамазан айында жамағатпен ауыз ашып, көпшілікпен бірге құлшылық жасауға мүмкіндік алдық. Осы күнге жеткізген және осындай ұлы мүмкіндікті нәсіп еткен Жаратушы Жаббар Иемізге сансыз шүкірлер айтамыз.

Рамазан – тәрбие мен тағлым айы. Қасиетті айда мұсылман баласы қанағат, шүкір, мейірім, бауырмалдық, кешірім сынды көркем мінезді қалыптастыруға тырысады. Өйткені қасиетті айда мұсылманға көп жақсылық пен мүмкіндіктер беріледі. Бұл туралы ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұл айда жәннат есіктері ашылады. Ораза тұтқан адамның алдыңғы және кейінгі күндері кешіріледі», – деген сүйінші хабар жеткізген.

Ендеше, берекелі айда көбірек сауапты амал жасауға асығайық, ағайын. Ата-анамыздың, қазыналы қарттарымыздың дұғасы мен алғысын алуға тырысайық. Мүмкіндікке қарай мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, науқастың көңілін сұрап, сауап алайық.

Осы ретте кәсіпкер азаматтарды қасиетті айдың құрметі үшін халқымыздың тұрмыс жағдайын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік бағасын мүмкіндігінше 10 пайызға дейін төмендетіп, жеңілдік жасауға шақырамын.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады. Кімде-кім мұсылманның бір қайғысын сейілтсе, Алла оның қайғы-қасиреттерінің бірін сейілтеді», – деген.

Рамазан – Раббымыздың мейірім-махаббатына бөленетін ай. Берекелі айдың берекетінен құр қалмайық, халайық. Сауабы еселеніп жазылатын айда әрбір ізгі амалымыз қабыл болғай. Алла Тағала ұстаған оразамызды, қоғам үшін жасалған қайырлы істерімізді мол сауаптан жазғай. Еліміз аман, жеріміз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай. Әмин!



ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Мемлекет басшысы 16 наурыз күнгі халыққа Жолдауында саяси жүйеге біршама өзгеріс әкелуге тиіс ұсыныстарын айтты. Соның ішінде суперпрезиденттік басқару формасынан күшті Парламенті бар президенттік республикаға көшу туралы бастама да болды.

Осыған байланысты Президент елдің саяси жүйесін кешенді жаңғыртудың бағдарламасын таныстырып, алда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұрғанын айтты.

– Бүкіл құзырет бір қолда болуына негізделген басқару жүйесі қазір өзінің тиімділігін жоғалтты. Бұл жүйе көзқарасы мен ұстанымы әрқилы азаматтық қоғамды ұйыстыра алмайды. Сондықтан біз Қазақстанды дамытудың саяси моделін өзгерту үшін әр қадамды мұқият ойластыра отырып жасауымыз керек. Мен бұл жерде, ең алдымен, басқарудың суперпрези-

денттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу туралы айтып отырмын. Мұндай жүйе билік институттарының тепе-теңдігі оңтайлы болуын қамтамасыз етіп, елімізді орнықты дамытуға септігін тиізеді. Алдымызда Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұр. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз, – деді Президент.

Жалғасы 2-бетте

ДИМАШТЫҢ ДУБАЙДАҒЫ КОНЦЕРТІ ДҮРІЛДЕП ӨТТІ

25 наурыз күні Дубайдағы Coca-Cola Arena ғимаратында әйгілі әнші Димаш Құдайбергеннің «Арнау» атты концерті өтті. Оған әлемнің 69 елінен көрермен келіп қатысты.



2019 жылы «Қазақстан» ұлттық арнасы мен «Димаш-Эл» шығармашылық орталығы Астана қаласында әншінің концертін ұйымдастырған

ны мәлім. «Арнау» деген атау да сол кезде таңдалған еді. Бұл атаудың аясы кең – туған жерге арнау, көрерменге арнау, адамзатқа арнау т.б.

«Тіле жеңіл, жүрекке жылы тиетін», қай тілде де әдемі естілетін атау кейін арнаулы жобаға айналып, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Лондонда, Нью-Йоркте, Киевте өткен концерттерде жалғасқан болатын. Әлемді шарпыған пандемияның кесірінен кілт үзілген әлемдік турне екі жылдан соң Дубайда қайтадан тізіп қалды. Сондықтан да бұл концертті Димаштың жер бетіндегі жанкүйерлері ғана емес, әншінің өзі де асыға күткені хақ.

17 мың орындық Coca-Cola Arena-ға көрермендер бірнеше сағат бұрын келіп алып, сүйікті әншілерін асыға күтті. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген көрермендерді біріктіріп, бір үйдің баласындай етіп жіберген бір күдірет бар, ол – Димаштың өнеріне деген махаббат. Әнші сахнада жарқ ете қалғанда, теңіздей ақтарылған көрерменнің ықыласын көрте көз керек.

Жалғасы 5-бетте

ӘНШІ ТАҢЖАРБАЙ

Бүгінге дейін халық әні аталып жүрген «Бағила» әні Қазақстанның Бхалық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевтің орындауында насихатталып келді. Әндегі «Менің атым сұрасаң – Таңжарбаймын» деген жолдар ән авторын анықтап тұр. Атақты Мұхит салмен қатар жүріп, ел аралап ән салған Таңжарбайдың өз заманында өзіндік орны бар әнші болғаны даусыз. Десек те, Таңжарбайдың өмірі мен өнернамасы жөнінде мәліметтер өте мардымсыз. Тіпті, туған жеріне қатысты мәліметтер де нақты емес. Кей деректерде әншінің Мөртөк, кейде Доңызтау өңірлерінде туғаны айтылғанмен, бұлардың бәрі дәлелсіз болжамдар ғана. Бір анығы – Таңжарбайдың Батыс Қазақстан, Бесқала (Қарақалпақстан) аймақтарын тегіс аралағаны.

Жалғасы 5-бетте



Әділ ҚОЙТАНОВ,
Ұлттық мемлекеттік кітап
палатасының директоры:

ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕСІ БАР МЕКЕМЕ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Елімізде Ұлттық мәртебесіне ие санаулы мекемелер бар. Соның бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы. Оның құрылғанына биыл 85 жыл толғалы отыр. Елімізде басылып шыққан барлық мерзімді баспасөз, кітап өнімдерін тіркеп, олар туралы түрлі статистикаларды жүргізіп отыратын бұл мекеменің маңызы орасан зор. Осы мекеме арқылы күллі әлем Қазақстанда қандай газет-журналдар, кітаптар шығып жатқанын және олардың мән-мағынасын біле алады. Соңғы кезде еліміздегі мемлекеттік тапсырыс негізінде кітап шығару т.б. істерге басшылық жасау Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына беріліп, аталған ұйымның мәдени-рухани өміріндегі маңызы арта түсті. Осы және өзге мәселелер жөнінде кітап палатасының директоры Әділ Қойтановпен әңгімелескен едік.

Жалғасы 4-бетте

«AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАЛҚЫЛАУ АЛАҢЫ

Елдегі саяси реформалар мен әлеуметтік, қоғамдық мәселелер тек мемлекеттік басқару формасында ғана емес, жалпыхалықтық назарда талқыланып, сарапқа салынатын болады. Осы процестерді жүзеге асыратын жаңа платформа пайда болды. Ол – «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институты жанынан ашылған ТАЛҚЫЛАУ жаңа диалог алаңы.



Алғашқы отырысқа Парламент депутаттары, сарапшылармен қатар белгілі қоғам белсенділері де атсалысты. Онда көтерілген маңызды тақырыптар саяси жүйені трансформациялау мен аралас сайлау жүйесіне көшу турасында болды.

Бұл жаңа платформаның ерекшелігі – барлық талқыланған мәселелер әлеуметтік желілерде тікелей эфир арқылы көрсетіліп, интерактивті форматта өтуі. Сол арқылы залда жиналған спикерлерге көрермендер мен қарапайым халық өкілдері де сұрақ жолдап, жауап алу арқылы талқылау процесіне тікелей қатысты. Жалпы алғанда 700-ден аса пікір айтылып, сұрақ қойылды.

ТАЛҚЫЛАУ-дың отырысында алғашқы болып сөз алған «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Асхат Оралов Президент жариялаған реформалардың негізінде жаңа саяси өзгерістердің серпін алатынын тілге тиек етіп, сол бастамалардың бірі осы жаңа диалог алаңы екенін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

ОСАКАДА ЧЕМПИОН АТАНҒАН ЕРСІН КИНБОЗАН



Қазақстандық БАҚ өткен демалыста Жапонияда сумо күресінен макушита дивизионында белдескен сумошы Ерсін Балтағұлдың ересектер арасында тұңғыш рет жеңімпаз атанғанын жарыса жазды. Бозбала кезінде атағы жер жарған сумошы Асасэро Акиноридің көзіне түсіп, Жапонияға қоныс аударған ол 2019 жылы жастар арасында Жапония чемпионы атанған болатын. Ал бытырдан бері ересектер арасындағы дивизионда күресе бастаған Ерсін өткен аптада Осакада өткен чемпионаттағы жеңісінен бұрын былтыр қараша айында Токиода топ жарғанын айтады. Тарихы тереңде жатқан сумо спортынан бөлек ауыл шаруашылығымен айналысуды көздеп жүрген Ерсінге хабарласып, әңгімелескен едік.

Жалғасы 8-бетте

ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Басы 1-бетте

Ділда УӘЛИБЕК

Осы орайда Мемлекет басшысы қазір бізде барлығы Президентке келіп тірелетінін, бұл өз кезегінде дұрыс емес екенін, біртіндеп бұдан бас тартуымыз қажет екенін атап өтті.

– Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет. Осылайша, біз еліміздің болашақтағы көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмар болудан сақтаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтетіні қасіретті қаңтар оқиғасының саба-

тек ұсынатын болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар тоғысуы керек екенін айтты.

– Осылайша, біз Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасын жоямыз. Менің ойымша, бұл – саяси жағынан да, заңдық тұрғыдан да дұрыс қадам. Бұл квота Сенатқа ауысады және 9-дан 5 депутатқа дейін кемиді. Соның нәтижесінде Мәжілістегі депутаттардың жалпы саны азаяды. «Аз болса да, саз болғаны» жақсы. Мұндай өзгеріс түрлі этностық топтарға мандат беріп, олардың үні жоғарғы палатада естілуіне мүмкіндік жасайды. Жалпы, Сенаттың жоғарғы палата ретінде жұмыс істеуін дұрыс әрі орынды деп санаймын, – деді Президент.

Сонымен қатар Сенат әр өңірміздің мүддесін қорғайтын палатаға айналуға тиіс екені айтылды. Соған сәйкес оның өкілеттігі

Мемлекет басшысының аймақ басшыларын мәслихаттардың келісімінсіз орнынан босату құқығы сақталады, – деді Президент.

Қазір әлем елдеріндегі көптеген парламенттер бір палаталы. Өйткені дамыған елдер бикамерализм әдісінен ерте бас тартқанын айта кеткен жөн.

МӘЖІЛІСТІҢ 70 ПАЙЫЗЫ ПРОПОРЦИОНАЛДЫҚ, 30 ПАЙЫЗЫ МАЖОРИТАРЛЫҚ ТӘСІЛМЕН ЖАСАҚТАЛАТЫН БОЛАДЫ

Енді Мәжілістің депутаттық корпусының 70 пайызы пропорционалдық, 30 пайызы мажоритарлық тәсілмен жасақталатын болады. Сонымен бірге аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Сайлаудың осы тәсіліне оралу біз үшін өте маңызды екені айтылды. Бұл – партиялардың Мәжіліс пен мәслихатқа өту шегін төмендету



ғы деп білуіміз керек екенін айтқан Мемлекет басшысы барлық азаматқа бірдей көңіл бөлінуіне жағдай жасалуы керек екенін ескертті.

Осыған байланысты халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктелмек. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиіс.

Ғазиз ӘБІШЕВ, саяси шолушы:

– «Мықты президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын іс жүзінде орындау өте маңызды. Мысалы, осыдан екі мың жыл бұрын өмір сүрген Рим империясын алайық. Ол бес жақсы императордың арқасында өте күшті империя болды. Бірақ алтыншы император Коммод кезінде Рим империясы құлады. Суперпрезиденттік республика президент өте жақсы басшы болса – өте маңызды, пайдалы жүйе. Ал олай болмаған жағдайда, бәрі басқаша. Мықты президенттік республика болса, ықпалды парламент президентті бақылайды. Бұл болашақта өте маңызды баланс болады.

Бірнеше тарихи мысал бар. Франциядағы XIV Людовик немесе Ресейдегі І Петр, Германиядағы Отто фон Бисмарк ұлтқа өте пайдалы басшы болды. Ал Сталин, Гитлер, Пол Пот немесе басқалар халқына өте көп зиян шектірді.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына Ұлттық құрылтай құру ғылымда делиберативті демократия деп аталады. Делиберация – ақылдасу. Қоғамдық кеңестер мен Ұлттық құрылтай – делиберативті демократияның құралдары. Менің ойымша, қоғам белсенділері бірігіп, әр мәселені талқылап, ымыра жасау керек. Оларда ешқандай саяси мандат, өкілеттілік болмайды. Олар тек талқылайтын орган. Бұл халықаралық тәжірибе. Францияда, Ұлыбританияда, Моңғолияда, Канадада осындай органдар бар.

«СЕНАТ ӘР ӨҢІРДІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙТЫН ПАЛАТАҒА АЙНАЛУҒА ТИІС»

Ең алдымен, Сенатты жасақтау тәртібі және оның бірқатар функциясы қайта қаралмақ. – Президенттің Сенаттағы квотасын бақылаудың құралы емес, Парламентте өкілдері аз әлеуметтік топтардың үні мен ой-пікірін ескеру тетігі ретінде қарастырылған жөн. Осы орайда мен Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10 депутатқа дейін азайту туралы шешім қабылдадым. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды,

реформалануы керек. Конституцияға сәйкес, Сенаттың Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын қабылдауға немесе қабылдамауға құқығы бар. Яғни, Мәжіліс іс жүзінде жоғарғы палатаның қарсылығын еңсерсе алмайды. Президент неғұрлым тепетең парламенттік жүйе қалыптастыру үшін бұл тәжірибені қайта қараған жөн екенін айтты.

«ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ ҚҰҚЫҒЫ МӘЖІЛІСКЕ ҒАНА ТИЕСІЛІ БОЛАДЫ»

Мемлекет басшысы заң қабылдау құқығын тек Мәжіліске беру туралы да ұсыныс айтты. – Осы орайда, Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізген дұрыс деп санаймын. Соған сәйкес, заң қабылдау құқығы Ғана тиесілі болады. Ал Сенаттың өкілеттігін Конституциялық кеңес пен Жоғары Сот кеңесінің төрағасы лауазымына ұсынылатын кандидаттарға келісім беру құқығымен толықтырған жөн. Бұл өзгеріс саяси жүйедегі тепе-теңдік және тежемелік механизмдерін елеулі түрде нығайта түседі, заң шығару үдерісін әлдебір жеңілдетеді. Сонымен қатар төменгі палатаның құзыретін кеңейту қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Оған қоса Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құру ұсынылып отыр. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Осылайша, Мәжілістің мәртебесі арта түседі. Мәслихат төрағасы лауазымы енгізіледі.

– Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады. Олардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін Мәслихат төрағасы лауазымын енгізген жөн. Сондай-ақ мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту үшін облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет деп санаймын. Қазір мәслихат депутаттары Мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидатураға келісім береді немесе келісім бермейді. Осы ретте, заңнамаға Президенттің облыс және республикалық маңызы бар қала әкімі лауазымына кем дегенде екі кандидатураны бағалау негізде ұсыну құқығын реттейтін түзетулер енгізу қажет. Осылайша, Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін мәслихаттарда қарау нәтижесін ескеріп тағайындайды. Бұл – өңір басшылары жанама сайлау арқылы қызметке келеді деген сөз. Бірақ

үшін осыған дейін қабылданған шешімнің заңды жалғасы. Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Жаңа үлгі көзқарасы әртүрлі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіру ұсынылды. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады. Оған қоса, елдің алдында бөделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

Шетелдердің конституцияларын құқықтық-салыстырмалы тәсілмен талдай отырып, белгілі бір өзіне тән ерекшелік сипаттарына қарамай, бәрінен де парламент мемлекеттік биліктің жоғары өкілеттік органы болатынын көреміз.

Сондай-ақ Парламенттің, заң шығарушылық қызметіне, мемлекеттік бюджетті қабылдауда, мемлекет басшыларын және одан да басқа мемлекеттік билік органдарын құруда, сол сияқты заңдарды орындау барысы жайлы үкіметті бақылауда шексіз құқыққа ие. Парламент – көптеген елде сайланбалы, (кей бөлігі тағайындалатын) заң шығарушы орган. Кейбір елдерде басқаша аталуы мүмкін. Мәселен, АҚШ-та – Конгресс, Израиль – Кнессет, Германияда – Бундестаг, Данияда – Фолькетинг, Швецияда – Риксдаг, Норвегияда – Стorting, Исландияда – Альтинг, Банладеште – Ұлттық ассамблея, Египетте – Халық жиналысы.

Парламенттердің ең күшті әрі ықпалды жоғарғы палаталары қатарына АҚШ-тың сенаты, Жапонияның кеңесшілер палатасы, Италияның сенаты және тағы да басқалар кіреді. Бұлардың бәрі де тікелей сайлау нәтижесінде жасақталатынын айта кеткен жөн. Бүгінгі күні «парламенттік», «жартылай президенттік», «парламенттік монархия» мемлекеттері бар. Қанша мемлекет болса, соншама парламенттің үлгілері кездеседі.

Жақында Үкімет Жолдауда айтылған тапсырмаларды орындау бойынша жұмыс басталып, жалпыұлттық жоспар жасалғаны мәлімдеді. Демократия принциптерінің ықпалды қызметіне тікелей тәуелді екенін ескерсек, бұл бағытта әлі атқарылуға тиіс жұмыс пен міндет көп.



«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАЛҚУЛАУ АЛАҢЫ

Басы 1-бетте

«Сайлау туралы заңнамаға өзгерістер енгізіледі. Бұл елдегі демократиялық өзгерістердің катализаторы мен негізіне айналатыны сөзсіз. Саяси партияларды тіркеу ресімдерін жеңілдету жаңа саяси қозғалыстардың құрылуына серпін береді және жұмыс істеп тұрған саяси бірлестіктердің өз қызметін жандандыруына алып келеді», – деді партияның атқарушы хатшысы.

Мемлекеттік деңгейдегі мәселелердің алғаш рет ел назарында, тікелей әфирде талқыланып жатқанын алға тартқан «АМАНАТ» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Саясат Нұрбек бұл жобаның демократиялық дамуға жол бастайтынына сенетінін жеткізді.

«Біз бүгін құрылымданбаған, цензурдан өтпеген ашық диалог дәстүрін бастаймыз деп үміттенеміз. Бұл Президент Жолдауы аясында өте маңызды, өйткені «Жаңа Қазақстан» жұмысын жаңа қағидаттар мен жаңа жұмыс форматтарын бастау керек», – деді ол.

Мәжіліс депутатты Берік Әбдіғалиұлының сөзінше, 30 жыл ішінде жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді жөндейтіні уақыт келді. Ал ол процеске әрбір ел тұрғындары тікелей атсалысып, жауапкершіліктің жүгін сезінуі тиіс.

«Жаңа Қазақстанда партиядан бастап, әрбір азаматқа дейін, ауыл әкімінен Президенттің жұмысына дейінгі жіберілген кемшіліктерді анықтап, тіпті соның

тізімін де жасасақ, Бюджетті құруда бізде көптеген гигантономия болды. Қанша миллиардтаған қаражат басқа жаққа жұмсалып, ал мына жақта халық үйсіз-күйсіз жүрді. Оның барлығы кемшілік пе? Әрине, кемшілік. Сондықтан Президенттің айтқаны, бірінші кезекте басымдық өзгеруі керек. Ол үшін халықтың жағдайына қарау қажет. Барлығының өлшемі – адам. Міне, қазіргі біздегі нағыз қағида осы. Біртіндеп соған келе жатырмыз», – деді депутат.

Отырыс барысында сөз алған спикерлердің барлығы бұл жаңа бастаманың тың әрі өзгеше өзгерістердің бастамасы болатынына сенім білдіріп, әрі қарайғы даму бағыттарына қатысты өз ұсыныс-тілектерімен де бөлісті.

Айта кетсек, келесі ТАЛҚУЛАУ отырысы подкаст жазбасы, дебаттар, пікірталастар сияқты түрлі форматта өтеді. Әрі қарай тақырыптар Қоғамдық саясат институтының телеграм-арнасында дауыс беру қорытындысы бойынша анықталады.

Мемлекеттік қызмет өкілдері мен ел тұрғындарының басын қосқан бұл ТАЛҚУЛАУ кең серпін алып, жалпыхалықтық сипатқа ие болуы тиіс. Сол арқылы ең өзекті мәселелер ел назарында талқыланып, саяси-қоғамдық шешімдер бірге кеңесе отырып қабылданатын деңгейге жететін болмақ.

Әсем ҚҰЛМАНОВА

МҰНАЙЫМЫЗ БОЛҒАНМЕН, МҰҢЫМЫЗ ДА ЖОҚ ЕМЕС...

Ел мұнайының басым бөлігі экспортталатын КҚК құбырының істен шығуы және оның жұмысы екі айысз жаңданбауы мүмкін екені жайлы ресми мәлімдемеден соң «мұнайға байланған экономиканың ахуалы енді қалай болмақ?» деген сұрақ көпті мазалағаны анық.

Энергетика министрлігі Каспий құбыр консорциумында болған апат салдарынан сәуір айының соңына дейін Қазақстанға тәулігіне 320 мың баррель шығын келуі мүмкін деп мәлімдеді. Бұл – 1 айда 1,3 миллион тонна мұнай деген сөз.

Дегенмен министрліктің осы мәселеге қатысты басқа да мәлімдемелеріне қарасақ, алаңдауға себеп жоқ сияқты көрінеді. Сарапшылар не дейді? Жалпы елімізде мұнай экспортына қандай баламалар бар?

КАСПИЙ ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ КОНСОРЦИУМЫ. ОЛ НЕ?

Естеріңізге сала кетейік, 20 наурызда Қара теңізде соққан жойқын дауылдан Қазақстан мұнайының 80 пайызын Ресей арқылы Бағғысқа шығаратын Каспий құбыр консорциумы терминалдарының айлақтық құрылғылары істен шықты. Ресей дауылдың күші бес балға дейін жеткенін мәлімдеді. КҚК басшылығы қолайсыздығына байланысты сунгүрлер жіберіп, бұзылған бір құрылғының өзін тексеру мүмкін болмай тұрғанын хабарлаған. Сөйтіп, құбыр арқылы мұнай жөнелту бірден шектелді.

Каспий құбыр желісі консорциумы (КҚК) – Ресей, Қазақстан елдерінің жетекші мұнай өндіруші компаниялары топтастан халықаралық мұнай транспорттық жобасы. Қазақстанда өндірілген мұнай мен ресейлік компаниялардың шикізаты осы құбыр желісі арқылы Новоросийск портына келіп, сол жерден танкер арқылы әлем елдеріне тасымалданады.

Консорциумын 20 пайыз үлесі Қазақстан компанияларына, 30 пайызы Ресейге, қалған бөлігі LUKARCO, Shell, Exxon, Chevron, Mobil сияқты мұнай компанияларына қарайды.

МҰНАЙ ЭКСПОРТЫНЫҢ ҚЫСҚАРҒЫН ҚАЛУЫ БЮДЖЕТКЕ ӘСЕР ЕТПЕЙДІ – МИНИСТР

25 наурызда Энергетика министрі Болат Ақшолоақов үш ДПО-ның екеуі барлық мұнайды КҚК-ге жөнелтуді қамтамасыз ететінін хабарлады. Одан соң Энергетика министрлігі мұнай өндіруші компаниямен жұмысты қайта бастау мерзімі бойынша консультацияларды жалғастырып жатқанын хабарлады.

– Әзірге мұнай резервуарларға жинала береді. Кеше ғана консорциумнан бір қондырғы жұмыс істей бастады деген хабар алдық. Жалпы КҚК екі қондырғымен жұмыс істейтін, ал үшіншісі жай резерв үшін тұр еді. Сондықтан әзірге осы бір қондырғымен жұмыс істей береміз, ал мұнайдың қалған бөлігін балама бағыттармен жөнелтеміз. Оның айтарлықтай әсері болмайды, үш аптада, ары кетсе бір айда консорциум толық іске қосылады, – деді Болат Ақшолоақов 25 наурызда өткен брифингте.

Кейінірек, егер КҚК жөндеу жұмыстары ұзаққа созылса, Қазақстан бюджетке түсетін барлық түсімнің 40 пайызыға жуығынан қағылатыны белгілі болды. Алайда Энергетика министрлігі Қазақстан ОПЕК+ аясындағы міндеттемелерін өндірді қысқарту арқылы өтейтінін мәлімдеді.

Ведомствода атап өткендей, бұл қысқарту ОПЕК+ серіктестерімен өзара іс-қимыл аясында өтемақы жоспарының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Маусым-шілде айларында НСОС нысандарындағы күрделі жөндеуді ескері отырып, маусым айының соңына қарай Қазақстан ОПЕК+ келісімі бойынша өндірісті шектеу жөніндегі өз міндеттемелерін толығымен өтейді.

Дегенмен апатқа байланысты мұнай экспортының қысқарып қалуы бюджетке әсер етпейді деп сендіреді министр.

– Бүгінде мұнай бағасы өсіп кетті, тіпті өте қымбаттап кетті, қазіргі таңда бір баррелі 120 доллардан асады. Бұл осы жылы орташа есеппен 60 долларды жоспарланғанының өзінде солай болып тұр. Сол себепті бюджетке түсетін



қандай да бір түсім тұрғысынан мен ешқандай қауіп көріп тұрған жоқпын, – деді Ақшолоақов.

Лидия ПАРХОМЧИК, саясаттанушы:

– Мұнай құбыры Қазақстанда өндірілген мұнайдың 80 пайызын сыртқы нарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Қолда бар ақпаратқа сүйенсек, үш ЖАК-тың кем дегенде екеуі дауыл салдарынан зақымданған және шұғыл жөндеуді қажет етеді. Сонымен қатар ЖАК-1-де зерттеуді қажет етеді. Нәтижесінде терминалдарға мұнай құю жұмыстары толығымен тоқтатылып, КҚК жүйесі арқылы келетін мұнай резервуарларға жіберіледі.

Резервар қуаттылығы шектелуі, бұл мұнай құбыры арқылы тіпті қысқартылған режимде де мұнай алу толығымен тоқтауы мүмкін екенін білдіреді. Жөндеу бірқатар мәселеге байланысты. Демек, тек шамамен есептегенде, жабдықты ауыстыру жұмыстары бір жарым айға созылады.

Жөндеуге қажетті барлық шланг пен қосалқы бөлшектерді шетелдік серіктестер шығарады және олардың ресейлік аналогтары жоқ. Қазірдің өзінде КҚК операторы Imoco, Blue Water және Gall Thomson Environmental сияқты шетелдік жабдық жеткізушілері консорциуммен ынтымақтастығын тоқтатып, бұрын жоспарланған жеткізулерден бас тартқанын айтты.

Олардың жөндеуге арналған жабдықты қоллаштарудан бас тартуы әлемдік энергетикалық нарықтарға тәулігіне шамамен миллион баррель мұнайдың жеткізілуіне әкелуі мүмкін. Жеткізу көлемі әлемдік тұтынуының 1 пайызына сәйкес келеді.

Әлемдік энергетикалық нарықтарда баға белгілеуді одан әрі болжау мүмкін емес. Халықаралық энергетикалық агенттіктің болжамына сәйкес, Ресей мұнайының эмбаргосы мен КҚК-нің тоқтап қалуына мәжбүр болуы салдарынан Еуропаның көмірсутектерді тұтынуындағы ықтимал шығындары барлық жеткізілетін өнім түспен бірінен астам болуы ықтимал. Бұл жағдайда мұнай бағасының өсуі барреліне 300 долларға дейін жетуі мүмкін.

Өндірілген мұнайды жергілікті мұнай қоймаларына құйып, шикізаттың бір бөлігін отандық мұнай өңдеу зауыттарына қайта бағыттау мәселесін шінара ғана шешеді. Қайта жіберілетін мұнайдың максималды көлемі жылына шамамен 10-15 миллион тоннаға жетуі мүмкін. Қазақстандық көмірсутектерді жеткізудің экспорттық бағыттарын әртараптануды бұрынғыдан да өзекті.

Жауапты ведомство мұнай экспортының қарқыны бәсеңдегенімен, одан бюджетке еш зиян келмейді деп отыр. Ал сарапшылар балама жолдарды іздестіріп, шығын орасан болуы мүмкін екенін айтады. Не десек те, экономиканы тек шикізат, мұнайға ғана тәуелді етпей, басқа да тетіктерді қарастыру қанша уақыттан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе еді...

Д. ЖАНАТҚЫЗЫ

Белгілі жазушы Асқар Алтайдың «Казино» әңгімесі: «Құдайсыз Қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат...», – деп басталады. Сөйтінде, «Пирамида» казиносын күні-түні торыудан, ішіндегі «көлеңкелі» істердің куәсі болып жүрген Жошы мен казино қызметшісі Есілайдың қым-қуыт ғұмырын баяндайды. Жошының жон-арқасын осып өтетін де осы – құмар ойын. Бұған жіпсіз байланған кейіпкердің өмірдегі прототиптерін іздемей-ақ табуға болады. Қазір кез келген көшеде казино, букмекерлік кеңселер, әйтеуір адам жанын тірдей тншықтыратын небір зұлтат сұмдықтар менмұндадан тұрады.

Көрінбейтін ШЫНЖЫР

Осыншалықты қиын хәлге экономикалық-әлеуметтік факторлар әсер еткенмен, бұл құмар ойындарға жас та, кәрі де, ауқатты да, кедей де әуестеніп, аз ғұмырын сарқып жатқаны шындық. Ешдеше, мәселе тек адам жасы мен қаржылай жағдайларда жатқан жоқ, барлық гәп – адамның ішкі әлемінде болса керек. Осыдан

Бәске ақша қою ойынының Балдары мен зардаптары түрлі жағдаяттардан көрінуде. Мысалы, жуырда Маңғыстау облысы Бейнеу ауылының бір тұрғыны «Лото клуб» букмекерлік кеңсесін өртеді. Бұл әрекетке себеп болған жағдай – тұрғынның құмар ойынға шектен тыс берілуі. Оның айтуынша, лото, шарик, рулетка, фонбет,

осы оңалту орталықтарын қолға алу қажет. Әйтпесе, елімізде соңғы тыңнын букмекерге апарып салатын адамдардың саны арта бермек.

Үшінші, букмекерлерге тіркелген әрбір логин иесі белгілі болады. Егер бір азаматтардың ақша салу жиілігі артса, оны букмекер ескеріп, бәлкім тиісті орталықтарға хабарлап отыру керек пе екен. Заңнама негізінде осыны міндеттеуге болар еді. Бірақ бұл утопия сияқты көрінеді.

Әрине, оңалту орталықтары құрылғаны жөн. Дегенмен өкінішке қарай, біздің менталитетте ондай орталықтарға барып емделу мәдениеті әлі толық қалыптаспаған. Яғни, қоғамнан жасқан, қоғамның пікіріне құлақ асып, бірақ өз өмірін ойран ету үдерісі көптеп кездеседі. Шын мәнінде, адам – жалғыз. Оның сүретін өмірі де – жалғыз. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктері саралай келе және ішкі потенциалын игере келе адам өзі қорытынды шығаруы қажет.



келіп, отбасының бұзылуы, шаңырақтың шайқалуы, жетім мен жесірлердің көбеюі, кедейліктің қыспағы туындайды. Ұлттық экономика министрілігіне қарасты Статистика комитетінің мәліметіне сүйенсек, 2020 жылдың жарты жылында 12 мыңнан аса жұп ажырасқан. Ажырасудың ең көбі Алматы облысында – 1 655, одан кейін Қарағанды облысында 1 507, елордада – 1 025, Шығыс Қазақстан облысында 1 003 жұп ажырасып кеткен. Статистикалық мәліметтерді сұдырта оқып шықсақ, қандай да бір зауалды сезіну қиын. Бірақ мұқият оқысақ, зерделеп көрсек, 12 мың шаңырақтың бұзылуы – одан да көп тағдырлардың қиындыққа ұшырап, болашағының булығырлануына себеп болады.

Жеке деген құлшыныс – әркімнің бойында бар мінез. Иллюзияның жетегінде жүріп, адам баласы ар мен намысты, қарыз бен парызды ұмытып кетеді де, құмарлықтың тұманды әлеміне қалай енгенін байқамай қалады. «Адам жанының құпиясы – балалық шақтың психикалық драмаларында жатыр. Осы драмалардың түбіне жеткенде, емделу келеді» дейді әйгілі психолог Зигмунд Фрейд. Санасы толық жетілмеген бала екінің қарға ойнағанын көріп, сол әрекеттерді автоматты түрде қайталайды. Қасына өзі қатарлас балаларды жанып, «үлкендердің» ақшаға таласқан эмоцияларын бастан кешіккісі келеді. Осылайша, бойына құмарлықтың дәні егіліп, кейін соның нәтижесін көретінін байқау қиын емес. З.Фрейд ұсынған теориялардың ішінде «суперэго» ұғымы бар. Мұның басты принципі – қандай да бір қиыншылықтан бас тарта отырып, жеңіл әрекеттерден ләззат алу. Адам жеңіл ақша табу жолында казино мен букмекерлік кеңселерге баратыны да сондықтан. Кейбір адамдар, тіпті жеңілгеннен де, жеңімпаз атанғаннан да ләззат алуы мүмкін. Мұндағы басты мәселе – ойынның нәтижесі емес, ойынның өзі, яғни процесс.

Жан дүниесі қуыс жылдар бойы қалыптасып, бір күні шарықтау шеіне жетеді. Сонда жоғарғы эго өз әрекеттерін жауап бере алмай, нәпсінің кез келген қалауын орындайды. Ондай жағдайда адамдықтан аттау, арысздыққа бару, адалдықты мойындамау секілді категориялар өз-өзінен жаралып, адам ғұмырын ойран етеді. Осы орайда, хакім Абайдың «Ғашықтық пен құмарлық – ол екі жол» дейтін өлең жолдары тақырыбымыздың мәнін ашатындай. Яғни, адам бойындағы шынайы болмыс пен табиғи сүйіспеншілік негізгі өзек болса, онда оны «таза» һәм нұрланған жүрекке жатқызуға болады. Екінші жағдайта қысылыққа кенеттен жаңу, уақытша ләззат алу ісі алдыңғы орынға шығып, кісінің ішкі көріністерін әшкерелейді.

олимп секілді түрлі ойындарды ойнап келе жатқанына 20 жылдан астам уақыт болған. Осы уақыт аралығында тұрғын 200 000 000 теңге көлемінде қаржы жоғалтып, қомақты көлемде қарызға батқан. Нәтижесінде кеңсені өртеген. Қоғамдық проблемалардың ең өзектісі – аталған жағдаяттардың жиі қайталануында жатыр. Психологиялық қысым мен қордаланған мәселеге шыдамаған азаматтар осындай қадамдарға барып жатыр.

Осындайда тән жарасын терең сезінетін хакім Абай тағы да еске түседі:

*Жамандар қыла алмай жүр
адал еңбек,
Ұрлық, құлық қылдым деп
қазар көлбек.
Арамдықтан жамандық
көрмей қалмас,
Мың күн сынбас,
бір күні сынар шөлмек.*

Иә, Бейнеу тұрғынының ішкі «шөлмегі» соңында сынды. Қарызды жабу үшін қаншама талпынса да, ара-тұра ұрлық пен қулыққа барса да, бәрібір де кеудені меңдеген дерт асқынды, ақыры қылмысқа дұшар етіп отыр.

Жан дүниесіндегі қуыс жылдар бойы қалыптасып, бір күні шарықтау шеіне жетеді. Сонда жоғарғы эго өз әрекеттеріне жауап бере алмай, нәпсінің кез келген қалауын орындайды. Ондай жағдайда адалдықтан аттау, арысздыққа бару, адалдықты мойындамау секілді категориялар өз-өзінен жаралып, адам ғұмырын ойран етеді.

Журналист, қоғам белсендісі Айбек Қосан қазіргі букмекерлік кеңселердің жұмысы бойынша былай дейді: «Букмекерлік кеңселердің жарнамасы жер жарады. Аттап бассаң, баннер, интернетті ашсаң, кез келген сайтта осы ойынханалардың ақпараты қызыл жасыл болып жарқырап тұрады. Бұған 100 пайыз тыйым салғанға өзінде тоқтата аламыз ба? Ойын-құмарлардың санын азайта аламыз ба? Жоқ! Шындыққа тура қарау керек, бұл мүмкін емес шаруа. Бір нәрсені жаман деп, жеті қат жердің астына тығып қойған күннің өзінде, оған деген қызығушылық одан сайын артады. Бұл проблеманы шешудің оңтайлы жолы – халықтың тұрмысын арттыру ғана. Азаматтардың айлығы шайлығына жететіндей жағдай жасау. Табысы отбасын асырауға жеткен адам аз жалақысын еселеу үшін букмекерге жоламас еді. Егер осы шаруа қолға алынған күннің өзінде адамдар ойынханаға бас сұқса, онда ол адамның жеке проблемасы дер едім. Екінші өзекті нәрсе – оңалту орталықтары. Өкінішке қарай, бізде нашарлық, ащы суға әуестерді ғана емделуге бағыттайды. Ал ойынқұмарлық бір ермек сияқты пікір қалыптасқан. Бірақ бұл – ауру. Басы бөлеге қалған азаматтардың санасынан дертті суырып алу үшін

Парламент Сенатының депутаты Дана Нұржігіт ойын бизнесі туралы заңнаманы жетілдіру бойынша бірқатар шаралар ұсынды. Депутаттарға азаматтардан көптеген өтініш келіп түседі. Сенатордың айтуынша, құмар ойынға ұрынып, қарызға батқан адамдардың туыстарынан букмекер кеңселерін жарнамалауға қатысты заңнамалық шаралар қабылдауды өтініп хаттар келеді. «Жарнама туралы» қолданыстағы заңға сәйкес казино мен интернет-казино қызметтерін жарнамалауға тыйым салынады. Бірақ букмекерлік кеңселердің қызметтерін жарнамалауға тікелей тыйым жоқ. Сондықтан мұндай компаниялардың жарнамалары интернетте агрессивті түрде жарияланады. Осы фактіні ескере отырып, букмекерлік компаниялардың жарнамалауға толық тыйым салу бойынша қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу қажет», – дейді депутат. ҚР Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігінің мәліметінше, елімізде тұтынушылық мақсатта алынған несие көлемі 2021 жылдың қыркүйек айының өзінде 3,7%-ға артқан. Бұл дегеніміз – 6,63

трлн теңге. Сонымен қатар 18 жасқа толған кез келген азаматқа төлеу қабілетін анықтамамен мобильді қосымшалар арқылы несие беріледі. Сенатордың мәліметінше, Қазақстанда құмар ойыншылардың саны 350 мыңнан асады. Ал бір ойыншының орташа қарызы – 10 миллион теңге. Осындай экономикалық жағдаяттардың күрт нашарлауы адам болмысы мен жеке қасиеттеріне әсерін тигізеді. Психологиялық қысымға дұшар болып, өмірлік көзқарастары басқа арнаға бұрылады.

Түйіндей келе, көпті толған адырған мәселелердің қатарындағы құмар ойындардың зияны әлі өршуде. Бұл үрдіс үлғайып, жалпыхалықтың деңгейге дейін көтерілді. Мәселенің шешімін таппайынша қаншама азаматтарымыз қу ойынның құрығына түсіп, ашу мен кекті шақыратын аяусыз іске ұрына берері сөзсіз. Осы орайда, қазақ салтындағы тоқтам мен байлам ұғымдары аса өзекті. Сөзге тоқтай білген халық, іске де тоқтай біледі һәм ақ пен қараны ажыратып, дер кезінде өзінің асау мінезін ауыздықтай алады. Ендеше, ойын-құмарлық мен азартты заң шеңберінде жедел қарастырып, ұлттық дүниетанымын негізінде жаңа, заманауи ұстанымдар мен тыйымдар қарастырылған жөн.

ЖІРЖАН АХМЕР



«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»

Мен оқушы кезімде «бізде білім жоқ», «қазақ мәдениеті дұрыс дәріптелмейді», «қазақтар өз болмыстарын өздері дұрыс танымайды» деген мағынадағы түрлі пікірталастарды естіп өстім. Сол кезде «Неге біздің білім төмен?», «Ұлттық мәдениетті толық дәріптеуге кім кедергі?» деген сияқты сұрақтардың төңірегінде ойланап қалатынымын.

Мен кішкентай ғана ауданның жалпы орта білім беретін мектебінде 9-сыныпты бітіріп, ал жоғарғы 10,11-сыныптарды елордамыздағы ең жақсы деген лицейлердің бірінде аяқтадым. Қаншалықты мойындауға қиын болса да, өсе келе түсінгенім, біздің қоғам білімділердің интеллектуалдық деңгейін игілікке айналдыруға аса басымдық бермеген екен.

Өзіме таныс мысалдарға тоқталайын. – Менің ауылдағы құрдастарымның арасында «Болашағы бар» деп сенген ең жақын достарымның өсе келе қылмыскерлер мен бұзақылардың қатарынан табылғанын көрдім.

– Қазақты «өнерлі халық» деп бағалайтын болсақ, соңғы жылдардағы өнер жұлдыздарына қатысты жаңалықтарды ақтарып қараған кезде «анархиялық» көріністердің күзегі боламыз.

– 2022 жылдың қаңтар оқиғасы бізді «диктаторлық билік» пен «экстремизмдік қозғалыстардың» күзегіне айналдырды. Осыдан кейін жоғарыдағы күмәнді сұрақтарға қарсы қандай пікір айта аламыз? Ешқандай. Қазақ қоғамындағы қанағатшылық, шығармашылық, бақытты еркіндіктен тапқан, әділдікті ту етіп алған, «тура жолға» ұмтылып жүрген білімді адамдардың болмысы өз қадірін, өз бағасын таба алмай келе жатыр. Бұл үшін біз кімдерді кінәлай аламыз? Тарихты ма? Әлде осындай «білімсіз» кейіптегі «қоғам қайраткерлері» атанған популистер мен жалған ұлтшылдар немесе әсіре діншілдері ме? Меніңше, біз бұл жағдайда ешкімді де кінәлай алмаймыз. Жеткенімізден жетпегеніміз көп, жас мемлекетіміз.

Сонымен қатар дәл қазір білім саласына да ерекше көңіл бөлініп отырғанын атаймы өтуге қақымыз жоқ. Бұған қарапайым мысал ретінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұстаздар мен білім саласындағы қызметкерлердің еңбекақысын көтеру туралы тапсырма бергенін және бұл тапсырмасы өз деңгейінде жүзеге асырылып келе жатқанын айтуға болады.

Педагог мамандарымыздың әлеуметтік мәртебесін көтеріп, экономикалық жағдайының жақсаруына Үкімет тарапынан қолдау көрсетіліп отырғанын қуантамын. Дәл осы кезеңде мәдениет саласының дамуына да қолдау көрсетілсе деген ұсынысымыз айтқым келеді. Себебі біздің Үкімет мәдениет саласының дамуына салғырт қарайтындай көрінеді. Өнер адамдары табиғат сыйлаған өнерімен өз күндерін өздері көре алады дейді ма екен, әлде?

Жаңа Қазақстан құрғысы келсе біздің қазіргі билік «қазақта білім жоқ», «қазақта мәдениет жоқ» деген көзқарасты түп-тамырымен өзгертуге жұмыс істейді қажет. Ол үшін, ең алдымен, осы салада қызмет етуші таңдаған мамандарымыздың «кәсіби маман» ретінде қалыптасып, өсуі мен дамуына қажетті бар жағдайды жасаған дұрыс.

Мәдениет дегеніміз не? Мәдениет дегеніміз, ең алдымен, ол – ұлттық әдеби, таным-түсінігі, тәрбиесі, адамгер-

шілігі. Мәдениет дегеніміз – ұлттың болмысы, өзге ұлттармен байланыс орнататын тілі. Ал біздің қоғам қазір «қазақта мәдениет жоқ» деген көзқарастан өзін-өзі ақтап ала алмайды. Мысал ретінде деректер келтіріп көрейін:

– Менің астанада бірге оқыған көп сыныптастарымның «тағы бір жыл жұмыс істеп, ақша жинағаннан кейін Кореяға көшесімін», «Польшада оқуымды бітіргеннен кейін сол елде қаламын, ең бастысы, мешіті бар мемлекет қой» деген сөздерін естідім. Қаншалықты ауыр естілсе де, мәдени тұрмыспен тіршілік етуді таңдаған саналы қазақтардың көпшілігі елде қалмағанына куә болдым. Өз елінен көшіп кетіп жатқан замандастарымыз қазіргі күнге дейін азайған жоқ.

– Біз жастардың «білімді тұлға» ретінде қалыптасуына керекті бар жағдайды жасағымыз келеді. Бірақ шынайы білімді тұлғалардың ортасына түскен қазақтардың «орыс тілі» мен «ағылшын тілінің» мәдениетіне бейімделген, өз тілінде сөйлеуге арланатынын күнделікті өмірде көріп жүрміз. – Мәдениет саласының негізгі шаңырағын «театр» деп атайтын болсақ, еліміздегі театрлардың даму жағдайы туралы айту тіпті ұят.

Қазіргі педагогика саласындағы PISA зерттеулерінде «академиялық тұрақтылық», «академиялық адалдық» деген терминдер бар. Мектеп пен университет қабырғасындағы әрбір білім алушының «академиялық адалдығының» жоғалта мауы, «академиялық тұрақтылығының» бұзылуы – педагог мамандардың жіті қадағалауындағы құбылыс. Ал өмір бойы «оқушы» позициясында өмір сүруді таңдаған адамның осы құндылықтарын сақтап қалуына көмектесетін шаңырағы, ол – театр. Театр өнері пайда болған кезден бастап әрбір адамның бойында болуы тиіс дәл осы «академиялық адалдық» пен «академиялық тұрақтылықтың» негізі дегеніміз. Сондай-ақ біздің өмір бойы тіршілігін қадағалауды өз жауапкершілігіне алған сала. Мұны дамыған мемлекеттердегі дамыған театрлардың тұрақты көрермендері өте жақсы түсінеді. Ал біздің мемлекетіміздегі театрлардың қазіргі жағдайы қандай?

Теориялық тұрғыда театры жоқ орталық «қала» деп аталмайды, ол орталықты тек «аудан» немесе «ауыл» деп қана атайды. Дамыған мемлекеттердегі қалалардың театрын алып қарайтын болсақ, олардың театры «көрермені жоқ бос қабырға» ретінде тұрмайды, сахналық қойылымдарын он шақты көрерменмен өткізбейді. Сондай-ақ біздің елдегі театрлар сияқты шарасыздықтан оқушылар мен студенттерді жинап өкіліп, тегін қойылымды бір рет қана көрсетіп кете салмайды. Себебі өзге дамыған мемлекеттердің театры келетін көрермендері бұл өмірді «Жаратушының өнері» ретінде бағалауға, сол өнердің өзімен тыныстауға үйренген жандар. Ал біздің қазақ қоғамы дәл осы шынайы таза өнердің бағасын біле ме? Меніңше, біздің қоғамның адамдары тарихи қиындықтар-

дың себебінен өздерін осы өмірге жай ғана келіп-кететін зат сияқты сезінуге үйреніп қалғана ұқсайды. Олар өнермен тыныстаудың не екенін білмейді, театрдың тынысын мүлдем танымайды.

Театрдың тұрақты көрермендерінің қатарына қосылғаныма бір жылдан астам уақыт болды. Мен бұл ордан өзім көргім келетін «таза қазақ тілінде сөйлесетін», «ұлттық әдеп-тәрбиеден аттамайтын», «шынайы өнердің бағасын білетін» ортаны таптым. Осы саладағы нағыз кәсіби мамандардың «қайтарымы жоқ» еңбекпен қызмет етіп жүргенін түсінген кезімде қатты күйімдім. Олар мен сияқты «мәдениет» деген ұғымнан ешқандай хабары жоқ, ол туралы түсінігі қалыптаспаған қарапайым көрермендерді дәл осы «таза өнермен тыныстайтын» деңгейге жеткізу үшін жаны салып еңбек етеді. Көңілімді қуантайтын қазақта «мәдениет» саласына адал қызмет етіп жүрген шынайы өнерпаздар бар. Театр өнерпаздары қоғамды мәдениеттіліктің биік деңгейіне көтеруге қаншалықты тырысқанымен, атқарушы билік тарапынан толыққанды жүйелі қолдау жеткілікті болмаған соң бүкіл қоғамның мәдениетін қалыптасуына бірді-екілі театрын күші қалай жеткізі?

Осы орайда қоғамдық пікірді қалыптастырушы ақпарат саласы жөнінде де ойымды қоса кеткім келеді. Көптеген қазақ журналистерінің жан-жақты, терең ізденіс жасамайтыны өкінішті. Көбісінің табиғатына «жалаң сөз» бен «жалтақ пікір» ғана тән. Көптеген телеарналар ұлт пен мемлекет болашағы үшін емес, рейтинг үшін ғана жұмыс істеуді әдетке айналдырды. Кәсіби журналистер «әйтеуір танылған» әлеуметтік желінің уақытша жұлдызының артынан «қуалап» жүр. Қазақ журналистикасының деңгейі театр таланттарының «таза өнерінің» танылуына қызмет етуге қашан қол жеткізетіні белгісіз.

«Мәдениет» деген ұғымды, ең алдымен, «ұлттың тәрбиесі» ретінде қарастырайық. Бауыржан Момышұлының «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген сөзі бар. Сондықтан Жаңа Қазақстанда «білім» және «мәдениет» салаларының етене тығыз байланыста дамуына керекті бар жағдайды жасалса екен деймін. Себебі «Гамлет», «Ревизор», «Дон-Кихот» сынды әлемге әйгілі шығармалардың негізгі мән-мазмұнынан хабары жоқ педагог әлемдік бәсекеге қабілетті шәкірттерді қалыптастыра алады дегенге мен сенбеймін... Яғни, театр көрермендерінің қатарына, ең бірінші, педагог мамандарымызды тартуымыз қажет.

Ал БАҚ өкілдері осы екі салада қызмет етіп жүрген кәсіби мамандардың еңбегін зерттеп, қоғамға кенінен танылуына ықпал ете білсе екен. Себебі бұл екі саладағы мамандары – қазақ қоғамының негізгі айнасы. Өзге мемлекеттер біздің ұлттық болмысымызды, ең алдымен, осы екі саланың жағдайына қарап таниды.

Жұлдыз ҚАДІРОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы

ТОО «Birnshe Lombard» (Бірінші Ломбард) объявляет о проведении торгов залогового имущества 01, 04, 05, 06, 07, 08 апреля 2022 года, в 13,00 часов по адресу: г. Алматы, ул. Розыбакиева, д. 37. Телефон: 8 (727) 268-40-37

«Birnshe Lombard» (Бірінші Ломбард) ЖШС 2022 жылы сәуір айының 01, 04, 05, 06, 07, 08 күндері, сағат 13,00-де кепіле қойылған мүліктердің сатылымы өткізілетіні туралы жариялайды. Мекенжайымыз: Алматы қ., Розыбакиев кө., 37 үйі. Телефон: 8 (727) 268-40-37

Басы 1-бетте

– Әділ Қаженбайұлы, сіз басқарып отырған Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы – еліміздегі орны ерекше мекеменің бірі. Қазақстандағы күллі баспасөз, кітап істеріне қатысты деректердің бәрі осы жерде жасалады. Дегенмен көпшілік ол туралы біле бермеуі мүмкін. Сондықтан ең алдымен кітап палатасының тарихына, мақсат-міндетіне тоқталсақ.

– Айтуыңыз орынды, мемлекетімізде белгілі бір салаға қатысты барлық деректердің жасалуына басшылық жасайтын мекемені былайғы жұрт біле бермеуі мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайда ол жалпы қоғам назарынан тыс қалып жатады. Ал біздің Кітап палатасына келсек, бұрын оны баспасөз, баспа саласында істейтіндер білсе, кейінгі дәуірде еліміз азаматтарының өз қаражатына кітап шығару, жекеменшік газет-журналдар ашуға байланысты азаматтарымыз бізбен түрлі байланыс жасау арқылы қоғамға кеңірек белгілі бола бастады. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс негізінде кітап шығару ісінде жүргізілген реформаларға орай да қаламгерлер мен халық арасында танымалдылығы артты деп айта аламыз. Сол үшінде аталған мекеменің тарихы туралы айтқанның артығы жоқ деп білемін.

Биыл құрылғанына 85 жыл толғалы отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы Қазақ КСР Мемлекеттік кітап палатасы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1937 жылғы 19 шілдедегі «Қазақ КСР Мемлекеттік кітап палатасын құру туралы» бірлескен Қаулысы негізінде ұйымдастырылған болатын. Оның мәртебесі туралы айтар болсақ, Кітап палатасы 1937-1945 жылдары Қазақстанның Оқу Халық Комиссариатына, 1945-1953 жылдар аралығында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемелері басқармасына, 1953-1963 жылдары Қазақстанның мәдениет министрлігіне, ал 1963 жылдан бастап, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Баспасөз жөніндегі Мемлекеттік кабинеті қарауында жұмыс жүргізіп келеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кітап палатасы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 6 сәуір 1993 жылғы №270 қаулысымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы болып өзгертілді. Қазір Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құзырындағы маңызды мекеме.

Кітап палатасы Қазақстанда шығаруға бағыт-бағдар беріп, халықаралық стандарт талабына сай тіркеуге алатын, баспа және баспасөз өнімдерін жинап, сақтайтын, статистикасын жүргізетін бірден-бір ғылыми-библиографиялық орталық. Ғылыми-библиографиялық көрсеткіштер шығару, баспасөз статистикасын жүргізу, жүйеленген каталогтар негізінде баспаларға, мекемелерге, жекеменшік адамдарға ақпараттық-библиографиялық анықтамалар беру – Кітап палатасының негізгі қызметінің бірі. Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы баспаларға және баспа өнімдерін шығаратын ұйымдарға, штрих белгілер ISBN – (ағылшынша International Standard Book Number деген сөздің қысқартылған түрі) беруді жүзеге асырады. ISBN – кітапты сауда желілерінде тарату және басылыммен жұмысты автоматтандыру үшін қажетті кітап басылымының бірегей нөмірі. Осы белімен шыққан еліміздегі барлық кітаптар әлем кітапханаларында тіркеліп, кітапқа қатысты барлық деректерді береді. Бұл стандарт Ұлыбританияда 1966 жылы Гордон Фостердің тоғыз таңбалы стандартты кітапты нөмірлеу коды (SBN коды ретінде қысқартылған) негізінде әзірленді. 1970 жылы шамалы өзгеріспен ISO 2108 халықаралық стандарты ретінде қабылданды. 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықаралық стандартты кітап нөмірі үшін жаңа стандарт – штрих-кодқа сәйкес келетін 13 таңбалы стандарт енгізілді. Бұрынғы Кеңестер одағы аумағында халықаралық стандартты кітап нөмірі 1987 жылдан бері қолданылады.

Кітап палатасы қызметінің мақсаты – Қазақстан Республикасының Баспасөз мұрағатын, мемлекеттік библиографияның, баспасөз статистикасының республикалық ғылыми орталығын құру, орталықтандырылған каталог жасау; республика аумағында шығатын барлық баспасөз туындыларын есепке алу және ғылыми тұрғыдан өңдеу, жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру; сондай-ақ кітаптарды халықаралық стандартпен нөмірлеу, штрих-кодтар беру, КБЖ (кітапханалық-библиографиялық жіктеу) жөніндегі функцияларын орындау болып саналады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында барлық мерзімді басылымдардың шығатын басылымдардың даналарын Мұрағатқа жинап, тіркеуге алу. Қазақстан Республикасының Баспасөз мұрағатындағы міндетті даналардың сақталуын қамтамасыз ету, мерзімді басылымдардың туындыларын сақталуын бақылауға алу да осы мекеменің міндетті жұмысы.

Бұдан әрі айта берсек, еліміздегі ғылыми мекемелерді, кітапханаларды,



Әділ ҚОЙТАНОВ, Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры:

ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕСІ БАР МЕКЕМЕ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

ғылыммен айналысатын орталықтарды библиографиялық ақпаратпен: жылнамалар және анықтамалармен қамтамасыз ету, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының Баспасөз мұрағаты қорында мерзімді басылымдарды толықтыру және сақтау; Қазақстан Республикасында шығатын баспа өнімдеріне халықаралық ISBN, ISSN, ISMN штрих-кодын беруді қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасында басылып шыққан жариялымдардың, материалдардың негізгі түрлерінің библиографиялық өңделуін жүзеге асыру; Қазақстан Республикасында шығатын мерзімді басылымдардың (газет, журнал, жалғаспалы басылым т.б.) статистикалық есебін жүргізу; Қазақстанда шығатын кітап пен журналдарға ӘОЖ (әмбебен оңдық жіктеу) индексінен беру де Кітап палатасының міндетті жұмысы.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасында 1917 жылдан бері басылып шыққан жарияланымдардың, материалдардың барлық түрлеріне, Кітап палатасының қорында 1917 жылға дейін басылып шыққан әдебиетті қамтитын каталогтар мен картотека жүйесін жүргізу; Қазақстан Республикасы туралы шет елдерде шыққан материалдарды жинау; Қазақстанда алыс және жақын шет елдері туралы жарияланған туындыларды, материалдарды анықтау, есепке алу, библиографиялық сипаттама жасалған карточкаларды басқа кітапханаларға, ғылыми мекемелерге жіберу; Еліміздің мемлекеттік, қоғамдық орындардан, жеке тұлғалардан түскен сұраныс бойынша баспа өнімдерін алып беру; Баспасөз Мұрағатында сақтаулы басылымдардың электрондық көшірмесін жасау да Кітап палатасының атқаратын жұмысы.

Қазір Кітап палатасы елімізде мерзімді басылымдар туралы ғылыми-зерттеу, білім беру ісі туралы социологиялық зерттеулер жүргізу және ғылыми-практикалық семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және кітаптарға көрмелер мен жәрмеңкелерді өткізуді ұйымдастырып отыр.

Кітап палатасы құрылған күннен бастап, Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын білікті және кәсіби түрде орындап келеді. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы – 85 жылдан бері еліміздегі бірегей ұлттық библиографиялық орталығы. Қазірде Кітап палатасының Баспасөз мұрағаты қорында 1896 жылдан бастап шыққан 5 миллионға жуық баспа өнімдерінің міндетті даналары сақталуда. Аудандық газеттен бастап, барлық басы-

лымдар бар қорымызда. Кейбір жекеменшік баспалар шығарған кітаптарын бізге тапсырмай, ізінен қуып жүретін де жағдайлар болады. Себебі бізден ISBN алғандар өздері шығарған кітаптарының бір данасын бізге өткізуге міндетті. ISBN Лондон кітапханасынан беріледі, біз соған делдал боламыз. ISBN белгісі – халықаралық кітап стандарты, ол белгісі бар кітаптар туралы мәлімет әлемнің барлық кітапханаларында тұрады.

– Соңғы жылдарда Мемлекеттік ұлттық кітап палатасының жұмысы мемлекеттік тапсырыс негізінде кітап шығару ісін қолға алғалы қаламгер қауымы мен оқырмандардың назарына ілініп, қызығушылығын арттырғаны анық. Авторлардың кітаптарын

туынды келіп түссе, биыл соның ішінде 50-іне ғана кітап болып шығуына рұқсат берілмек. Өйткені мемлекет тарапынан бөлініп отырған ақша соған ғана жетеді. Екі жылға созылған ғаламдық пандемия біздің еліміздің экономикасына да әсер етіп, соның себебінен кітап шығаруға бөлініп отырған қаржы да азайып отырған тәрізді.

Іріктеудің алғашқы туры ашық түрде жүргізіліп, оқырмандардың электронды түрде дауыс беруін ұйымдастыруымыз да біраз даудың тууына себепші болғанын білесіздер. Оны біз іріктеуді әділ жүргізудің бір жолы ретінде қарастырғанбыз. Бірақ біз сайтқа орналастырылған туындыларды тек дауыс берумен бағалап отырған жоқпыз, ол оқырмандардың қандай кітаптардың шығуын қалайтынын байқау еді. Әрине, оның ыңғайлы да, ыңғайсыз жақтары бар. Кейбір танымал авторлар шығармалары аз дауыс алып қалуы мүмкін, керісінше, жалпы әдебиетте танымал емес болғанымен әлеуметтік желіде белсенді жас авторлар көп дауыс жинауы мүмкін. Сондықтан біз тәуелсіз сарапшы комиссия құрдық. Олар көп дауыс жинаған туындыларды сараптайды, лайықтыларын шығаруға ұсынды. Сондай-ақ аз дауыс алған бірақ маңызды, құнды шығармаларды да басып шығаруға болады деп шешім шығарады.

Бізде тоғыз сала бойынша шығаруға бұсынылған кітаптар тіркеледі. Кітаптарды тіркеу маусымының 1-нен бастап автоматты түрде тоқтатылады. Содан кейін бір ай бойы дауыс беріледі. Электронды түрде дауыс беру аяқталған соң туындылар 15 адамнан тұратын тәуелсіз комиссияның (оның құрамына Мәдениет және спорт министрлігі мен Кітап палатасының қызметкерлері кірмейді) қарауына беріледі. Солар бізге келіп түскен барлық кітаптар-

дың мән-маңызын саралап, шешім шығарады. Одан соң іріктеуден өткен кітаптар министрлікке жіберіліп, ол жақта ведомстваралық комиссияның талқылауына түседі. Содан өткен кітаптар ғана басып шығаруға жол табады. Сондықтан жұртшылық бұл мәселеде шешуші орган біз еместігін білсе дейміз.

– Авторлар тарапынан кітаптар ұсынуда және оны қабылдауда бағдарламаларға байланысты қандай ерекшеліктер бар?

– Шынын айту керек, мемлекеттік тапсырыс негізінде кітап шығару ісінде негізінен жаңа шығармаларға мән беріледі. Ал біздің қаламгерлер көп жағдайда жаңа кітап ұсына бермейді, бұрын жарық көрген

кітаптарды саралау мен сұрыптау құқы да алдағы кезде біздің мекемеге берілгелі отыр. Айта кету керек, осыдан 4-5 жыл бұрын мемлекеттік тапсырыспен шығатын кітаптардың таралымы 5 мың дана болса, қазір ол 3 мың данаға түсірілген. Оның бір себебі еліміздің кітапханаларында жыл сайын шығатын жүздеген кітаптарды сақтау қиындық тудырып отыр.

– Кітап палатасы елімізден шыққан кітаптарды, қаламгерлерді насихаттау мақсатында қандай мәдени шаралар өткізеді?

– Әрине, осы кезге дейін өткізген және жалғасып жатқан жобаларымыз баршылық. Соның бірі – Қазақстан Жазушылар одағымен бірігіп өткізген «Асыл сөз» жобасы. Бұл жоба бойынша елімізге белгілі қаламгерлермен, мәдениетімізге еңбегі сіңген тұлғалармен еркін форматта сұхбат өткізіміз. Осы кезге дейін Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовпен, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қабдеш Жұмаділовпен, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Мырзатай Жолдасбековпен, Сәбит Досановпен, Бексұлтан Нұржәкеұлымен, Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімовпен мазмұнды сұхбаттар жасадық.

Сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің еліміздің барлық өңірлерінде орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жүргізіп отырған «Адалдық алаңы» атты жоба бар.

Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы мен «Ақпараттық-технологиялық орталығы» қоғамдық қоры «Рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары аясында жасалған Smart qalamger атты жобасы бар. Ол – мемлекет тарапынан қаржыландырылмайды. Кітап палатасының электронды базасын жасауда серіктесіп жұмыс істеу үшін дайындалған әлеуметтік жоба. Енді ақылы ашылған сайттың әр жазушы өз өз контентімен толтырып, өз шығармашылығын ғаламторда қалың оқырманға ұсынып, насихаттай алады. Сондай-ақ онда авторлар өз кітаптарының қолжазбаларын орналастырып, баспалардың назарын аударуға мүмкіндік бар. Бұдан басқа bookfund.kz сайты еліміздегі кітапханалардың кітап қоры туралы мәлімет алуға болады.

Биылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағымен, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясымен және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясымен бірлесіп, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек айларының соңғы сенбісінде Абай даңғылының басындағы Абай ескерткішінің жанында кітап және өнер жәрмеңкесін тұрақты түрде өткізіп отыруды бастамақпыз. Онда баспалар мен қаламгерлер, суретшілер мен қолөнер шеберлері өз туындыларын насихаттайды, сатады. Тұсаукесерлер жасалады. Сондай-ақ ақындарға өз өлеңін оқуға, әншілерге ән салуға, күйшілерге күй тартуға жағдай жасалады. Ол қазақтың өнері мен әдебиетін кең насихаттайтын шара болуы тиіс. Бұны жүзеге айналдыру керек, бұндай шаралар өткен ғасырдың 40-жылдарынан бастап Лиссабон (Португалия), Мадрид (Испания) қалаларында жыл сайын тұрақты түрде өтіп тұрады.

– Кітап палатасы – елімізде Ұлттық мәртебесі бар санаулы мемлекеттік мекеменің бірі. Тіке өздеріңізге тиісті шешімін табуы қажет қандай мәселелер бар?

– Әрине, ұйым, мекеме болған жерде даму болады, уақыт өте өсіп-өркендей келе оның қызмет аясы кеңіп, маңызы арта түседі. Ал ондай жерде шешілуі тиіс мәселелер де болмай тұрмайды. Ал қазір 40-тан аса еңбек ететін қызметкері бар Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының да мемлекетіміз тарапынан қолдау табуы қажет басты екі мәселені айтар едім. Оның алғашқысы – Кітап палатасының өз ғимараты болуы қажет десек, екіншісі қызметкерлеріміздің айлық жалақысын өсіру дер едім. Кітап палатасының қазіргі тұрған ғимаратының асты-үсті, қанай-жағы базар. Қанша дегенмен бұл жерге еліміздің барлық жерінен, шетелдерден қонақтар, ізденушілер келіп тұрады. Сондайда мына жерде отырғанына қысыласын. Бізде Ұлттық мәртебесі бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Құрманғазы оркестрі, Ұлттық кітапхана секілді мекемелер бар, бәрінің жеке ғимараты бар. Ал біз біреулердің қуыс-қолтығында отырған сияқты ыңғайсызданамыз. Бұл мәселені, әрине, көтеріп жүрміз. Мемлекет оны жуық арада шешіп берер деген үмітіміз бар. Сол сияқты бұл жерде түрлі сала бойынша жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбекақысы жүз мыңның ол жақ бұл жағында. Онымен бала-шаға асырау оңай емес. Биылдан бастап айлықты жиырма бес пайызға көбейтіп жатыр, солай жайымен көтеріле бермек, бірақ айлықты аз-аздан көтерем дегенше қосылған қаражатты ақшаның күнсыздануы жеп қойып жатыр. Алдағы уақытта да бұл мәселе төлек шешімін табады деп сенемін. Қалай десек те, Ұлттық мәртебесі бар мекеме ұлт қазынасы саналады. Тек сол мәртебе мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, оның жұмысының маңызы екені естен шықпаса дейміз.

Сұхбаттасқан Ахмет ӨМІРЗАҚ

Әнші Таңжарбай

Басы 1-бетте

Бүгінде ҚЖұмажановтың «Қарақалпақ Аймағындағы қазақ әдебиеті» монографиясындағы: «1920-1924 жылдар Қоңырат атырабындағы ағайын-туыстарына келіп, сол маңда қалып қояды» деген дерегін алға тартып, «Таңжарбай Бесқалаға өмірінің соңына қарай барған» деген тұжырым жасаушылар бар. Біздің пайымдауымызша, Таңжарбай Бесқала өңірінде өмірінің біраз жылын өткізген. Оған айтар мынадай бірнеше үзгеріміз бар. Біріншіден, Таңжарбайдың муралары негізінен Қарақалпақстан қазақтары арасында сақталған. Оған Таңжарбайдың Әмү бойында күні бүгінге дейін айтылатын бірнеше әні, одан бөлек, ән-күйлері, жыр-күйлері де дәлел бола алады. Екіншіден, ҚЖұмажанов айтқандай, 1920-1924 жылдары барып, 1926 жылы дүниеден кайтқан болса, оның бес-алты жыл ғана өмір сүрген

дерлік муралары Әмү бойындағы қазақтар арасында сақталып қалмаған болар еді.

Енді осы айтылған және өзге де мәліметтерді бір-бірімен салыстырып қарасақ, Таңжарбайдың өміріне, мураларына қатысты біршама деректер жүйеленеді. Мысалы, ҚЖұмажановтың жоғарыда аталған еңбегінде әншінің 1926 жылы дүниеден кайтқаны айтылса, Т.Бекхожина «Қазақтың 200 әні» атты музыкалы-этнографиялық жинағында: «Әннің авторы Таңжарбай, композитор және әнші, туған жылы белгісіз, 1933 жылы Қарақалпақстандағы Қоңырат қаласында өлген» дейді. Т.Бекхожина Қарақалпақстанға фольклорлық экспедициямен барған 1960 жылдары елде Таңжарбайдың көзін көріп, әнін тыңдаған адамдар баршылық еді, соған қарамастан әншінің туған жылы мен туған жері туралы нақты мәліметтер бере алмаған. Профессор ҚЖұмажанов зерттеулерінде Таңжарбайдың әкесінің есі-



жерінде барлық мұрасы сақталмас еді. Мұны Т.Бекхожинаның Таңжарбай жөнінде айта келіп: «Әндері қарақалпақ жерінде кең тараған» деген мәліметтері де растайды. Таңжарбайдың әндері Бесқала әнші-жырауларының көбінің репертуарынан берік орын алған. Таңжарбай әндерін қарақалпақстандық әнші-жыраулар – Жақсылық Мамытұлы (1899-1961), Төрбай Құрбанов (1910-1977), Наурызбек Нұржаубайұлы (1931-1994), Атаубай Мәмбетұлы (1931-1977), Өсербай Сәрсенбайұлы бабына келтіре орындап насихаттаған. Ал Таңжарбайдың ән-күйлері мен жыр-күйлері де бүгінге мойнақтық Жұмалы Ембергенұлы, кегейлік Молдағали Балымбетов, нөкістік Биман Кенжебаев сияқты күйшілердің орындауынан жазып алынып жетіп отыр. Жалпы, Батыс Қазақстан әншілерінің репертуарында Таңжарбайдың «Багила» атты жалғыз әнінен өзге мұрасы сақталмағаны белгілі. Үшіншіден, Таңжарбайдың халық танылғаны сол өңірдегі жыраулардың туындыларынан да кездестіреміз. Теңізбай жыраудың шәкірті Тұрғанбай Жаңабайұлы:

*Табыннан өткен – Таңжарбай,
Жырларын халқым ұнатқан.
Ортаға түсіп бәйгі алып,
Соңғыларға сөз қалып,
Озып шыққан сынақтан,*

– десе, Наурызбек, Алдаберген жыраулардың репертуарындағы толғауларда да Таңжарбайдың халық арасында дарынды әнші адам болғаны баяндалады:

*Табыннан өтті Таңжарбай,
Әннің боды арнасы-ай.
Наурызбек Нұржаубайұлының шәкірті Өсербай жырау Сәрсенбайұлының «Толғау, толғау сөйлейін» атты туындысында:*

*Табыннан өткен Таңжарбай,
Шырқап әнді салғанда,
Жетеді, – дейді, – дауысы,
Қарауымбеттен Қоңыратқа-ай, –*

дейді. Мұндағы айтылатын Қарауымбет те, Қоңырат та – Бесқала аймағындағы елді мекендердің атаулары. Мұндай мәліметтер Таңжарбайдың сол өңірде өмір сүріп, ел есінде қалғанын дәлелдейді.

Профессор ҚЖұмажанов «Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті» монографиясында Таңжарбайдың өмірі мен мураларына қатысты біршама мәлімет қалдырып, оның әкесінің есімін және бүгінге дейін беймәлім болып келген туған, дүниеден кайтқан жылдарын жазып қалдырған. Онда: «Таңжарбай Бәкірұлы (1872-1926). Ән өнерінің жүйрігі, ару сазды кісі. Руы Табын, Қоңырат» дей келе: «Туған жері Ақтөбе облысында. Өмірінің соңында 1920-1924 жылдары Қоңырат атырабындағы ағайын-туыстарына келіп, сол маңда қалып қойған» дейді. Бұл мәліметтің ел ішінен жиналып, өзге деректермен салыстырылмағаны байқалады. Бұл ҚЖұмажановтың Таңжарбай мураларын зерттеуге арналған еңбегі емес, сондықтан қолына тиген деректерді ғана пайдаланғаны анық. Ол шынымен бар өмірін Ақтөбе, Орал жерлерінде өткізіп, Бесқалаға өмірінің соңында барған болса, оның туғал

мін Бәкірұлы десе, өзге мәліметтерде әншінің әкесінің аты Қазыбай деп көрсетілді.

Қоңырат атырабындағы қазақ әншісінің консерваториясының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е.Басығараевтың 2019 жылы жарық көрген «Аққудай Әлима есім қонған көлге...» атты еңбегінде күйші Б.Басығараевтың репертуарындағы «Таңжарбайдың әні» жарияланды. Ән авторы жөнінде берген мәліметінде: «Әнші, композитор Таңжарбай Бәкірұлы 1872 жылы туған, Бесқала өңірінде (Қарақалпақстан) өмір сүріп, ел аралап ән-жыр айтақын. Кезінде Қарақалпақстанға, Ақтөбе өңірі мен Қазақстанның батыс аймақтарына танымал болған. Әндері Бесқала қазақтары арасында сақталған» дейді.

А.Жұбановтың «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» еңбегінде Мұхит пен Таңжарбайдың сапарлас болғаны айта келіп: «Мұхит жалғыз емес, оның өзіне пікірлес, өнерлестері болды. Олар да біреуі әнші, біреуі жыршы, біреуі ақын болып, Мұхитты дәріптеді. ...Міне, соның бірі Таңжарбай әнші. Таңжарбай өнерге бай әнші бола тұрса да, малға кедей адам екен. Таңжарбай өзінің кедеймін деп қорланбайтынын дәлелдеп бір өлеңінде: «...Сурасаң, менің атым Таңжарбаймын, Болсам да малға жарлы, әнге баймын. Өкісесі қара етіктің сынық сүйем, Болсам да өзін кедей қыз таңдаймын...» – деп, өзін өзі көтерген болса, енді бір өлеңде «Саламын сал Мұхиттың «Айдайына» деп, Мұхиттың мәртебесін көтеріп, оны бір үлкен бел етіп ұстайды. Мұхитты дәріптейді, аспанға шығарады» деген аз ғана дерек ұшырасса да, оның туған жеріне, өмірі мен шығармашылығына қатысты мәліметтер кездеспейді.

Шынында, Таңжарбай 1920 жылға дейін Батыс Қазақстан, Ақтөбе аймақтарында өмір сүрген болса, қазақ музыкасын сол тұстардан бастап жинастыра бастаған А.Затасевич, А.Жұбановтардың еңбектерінде оның әншілігі мен өміріне қатысты бір ауыз болса да нақты мәліметтер табылар еді.

Енді Таңжарбай мураларының бастап бетін көріп туралы айтар болсақ, тұңғыш рет А.Затасевичтің 1925 жылы Орынбор қаласынан шыққан «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында авторы көрсетілмей, мәтінсіз «Багила» әні жарияланған. Енді этнографқа Жымпиты уезі Тамды болысының тұрғыны Досқайыр Вабасов орындап берген. Таңжарбайдың тағы бір әні араға жарты ғасыр уақыт салып, Т.Бекхожинаның «Қазақтың 200 әні» музыкалы-этнографиялық жинағында жарияланды. Т.Бекхожина әншінің бұл әнін 1960 жылдары Қарақалпақстанға фольклорлық экспедициямен барғанда Хожелі ауданында тұратын Төрбай Құрбановтан жазып алған. Кітап соңында берген түсініктерінде ән авторына қатысты айта келіп: «Әндері Қарақалпақ жеріне кең тараған» деген мәлімет береді (Т.Бекхожина. Қазақтың 200 әні. Алматы, «Ғылым», 1972. 213-б). Сонымен қатар әншінің «Таңжарбайдың күйі» деп аталатын күйі бесқалалық М.Балымбетовтің орындауында «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» домбыра күйлері антологиясына

енсе, «Мәдени мұра» ұлттық жобасы аясында 2010 жылы жарыққа шыққан «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» антологиясында Ф.Құрманғалиев, Ө.Сәрсенбайұлы, М.Өтебаевтардың орындауындағы Таңжарбайдың «Багила», «Таңжарбайдың әні» (1-нұсқа), «Таңжарбайдың әні» (2-нұсқа) сынды әндері жарияланған. Сондай-ақ Таңжарбайдың екі әні Кеңес дәуіріндегі пластинкаларда да жарық көріп, Қазақ КСР халық әртісі Ф.Құрманғалиев (1909-1993) орындаған «Багила» мен Өзбек КСР-інің еңбек сіңірген әртісі М.Өтебаев (1928-1976) орындаған «Таңжарбайдың әні» ел ішіне тараған. Соның ішінде Ф.Құрманғалиев орындаған «Багила» әні халық арасында кең тарады. Бүгінде сахналарда жиі орындалатын ән де осы нұсқада.

Қарақалпақстанға фольклорлық экспедициямен 1959 жылы А.Серікбаева, 1962 жылы Т.Бекхожина, 1982 жылы музыка-катанушы-ғалым Б.Қарақұлов пен аудармашы, журналист Е.Сафуанилардың барғаны мәлім. Осы сапарларда қоңыраттық Жақсылық Мамытұлы мен Наурызбек Нұржаубайұлынан хожелілік Төрбай Құрбановтан Таңжарбайдың әндері магнит таспаларына жазып алынған. Бір қызығы, Наурызбек, Атаубай жыраулар Таңжарбайдың әніне Валуан Шолақтың:

*Айым да сен, Ғалия, күнім де сен,
Оң қабағым тартады күлімдесең,
Менің көңілім Ғалия дауалансын,
Аудан түіе секілді бейімделсең,* – деп басталатын «Ғалия» әнінің сөзімен орындаған.

2019 жылы жарық көрген «Бесқала қазақтарының әндері» атты ноталық-музыкалық жинағымызда Жақсылық Мамытұлы (1899-1961), Төрбай Құрбанов (1910-1977), Бақыт Басығараев (1926-2001), Наурызбек Нұржаубайұлы (1931-1994) сияқты танымал әнші-жыршы, күйшілердің орындауынан жазып алынған Таңжарбайдың бес әнін нотасымен жарияладық. Таңжарбайдың өзгеше тағы бір әнін күйші Б.Басығараевтің жеткізгенін жоғарыда айттық, ол әнді Бесқала өңірінде өсіп, сондағы Жұмалы Ембергенұлы (1891-1975), Дәулеткеді Жармағамбетов (1899-1950) тәрізді дәулескер күйшілерден өнеге көріп, күйші ретінде Әмү бойында қалыптасқан Б.Басығараевтың сол өңірден алып келгені сөзсіз.

Таңжарбай әнші ғана емес, «Кенесары-Наурызбай», «Қыз Жібек» жырларын жырлаған жыршы да болған. Десе де, халық оны жыршы ретінде емес, әнші деп танығанға ұқсайды.

Әншінің «Сурасаң менің атым Таңжар атым, елдегі есен бе екен қыз бен қатын?!» басталатын әнінің шығу тарихын 1982 жылы музыкакатанушы-ғалым Б.Қарақұлов пен журналист, аудармашы Е.Сафуанидың Наурызбек жыраудан жазып алады. Онда атақты жырау Н.Нұржаубайұлының әнінің шығу тарихын былайша баяндаған: «Бұрынғы уақыттары айтады екен, елден тысқары шығып, елге қайтып келе жатқанда өзінің қатар-құрбыларын сағынып, Таңжарбайдың мынау ойға қарай (Бесқалаға) қырдаң құлап келе жатқанда әні екен». Мұнда айтылған ән тарихы Таңжарбайдың Әмү бойына өмірінің соңында барды деген мәліметті жоққа шығарып, Бесқала әншінің өмір сүрген мекені болғанынан хабар береді. Себебі әншінің өзге аймақтарды да аралап, елге, Бесқалаға қайтып келе жатқанда шығарып айтқан әні екені анық баяндалған.

Т.Бекхожина, ҚЖұмажанов, Қ.Аралбаев сияқты музыкакатанушы, әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерінде әншінің Қарақалпақстан аймағынан жазып алынған мынадай өлеңдері жарияланған болатын: *Ей, құсаң да жеткізбейді зой арман дүние, Бұрынғы ата-анадан қалған дүние. Барында оралыңның ойна да күл, Бір күні өте шығағ жалған дүние.*

*Барында оралыңның ойна да күл,
Өтерін сұм дүниенің ойна да біл.
Алдында жақсылардың мереке етіп,
Ән салып, түрлендіріп, сайра бұлбұл.*

*Сурасаң менің атым – Таңжарбаймын,
Болсам да өзін кедей, әнге баймын.
Өкісесі қара етіктің қарыс сүйем,
Болсам да қасқа кедей қыз таңдаймын.*

*Сурасаң менің атым Таңжар атым,
Елдегі есен бе екен қыз бен қатын?!
Елдегі есен болса қыз бен қатын,
Құдайға құдай жолы жалғыз атым.*

*Таңжарбай жыршы етіп атандырдың,
Жақсымен несібемді қатар қылдың,
Шебері қызыл тілдің болсам-дағы,
Құдай-ау, айдар малға мәттәл қылдың.*

*Сурасаң қайталаймын – Таңжар атым,
Елдегі есен бе екен азаматым,
Елдегі есен болса, азаматым,
Беремін сүйініше жалғыз атым*

*Шауып шықтым басына қызыл қырдың,
Сырты бүтін, іші алтын бұзылғырдың,
Қауын балып қайсысыңа жарылайын,
Бірі өтеді бірінен қырлығырдың.*

Жалпы, Бесқала қазақтарының арасында Таңжарбайдың оннан астам музыкалық муралары сақталған.

Қоңырат өңірінде өмір сүрген Ізбан күйші кейінгі жас өнерпаздарға Таңжарбайдың жатқан жерін көрсетіп жүреді екен, кейінгі ұрпақ ұмытпай, келіп тұрсын дегені болар. Кіші жүз аймағын түтел аралап ән салып, артына біршама мұра қалдырған Таңжарбай ХХ ғасырдың бірінші ширегінде Қоңырат ауданының қазіргі «Жаслық» стансасында дүниеден өтеді. Қазіргі өскери қалашықтың шығысындағы қорымда жерленген.

**Күнқожа ҚАЙРУЛЛА,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы**



ДИМАШТЫҢ ДУБАЙДАҒЫ КОНЦЕРТІ ДҮРІЛДЕП ӨТТІ

Басы 1-бетте

Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

Әйгілі Golden әнімен тізгін қаққан алтын үл өт сәтте көрерменді Fly away әнімен «ғарышты аралауға» ертіп жеткітті. Содан кейін ағылшын, жапон, қытай, француз, орыс тіліндегі әндер кезек-кезегімен орындалып жатты. Әр ән – бір қойылым. Әрбір деталі ойластырылған, артық бір қимыл, әнтек бір дыбыс шықпайтын тұтас дүние.

Жапон әншісі Коджи Тамакидің Autumn Strong атты әнін Гонконгтің белгілі әншісі Джеки Чун орындаған екен. Сол әнді тыңдаған сәтте-ақ ұнатқан Димаш оны 2017 жылы I am singer байқауында орындауы мұң екен, әннің даңқы Еуропа мен Ресейге жайылып жүре берді. Димаш Дубайдағы концертінде жапон ұлтының болмысын, жапон мәдениетін айшықтайтын осы әнді жапон, қытай тілдерінде шырқайды.

«Осы екі жылда сендерді қатты сағындым...» деген ол «тыңдаушының астанасын» билеп әкетті. Кешті ағылшын тілінде жүргізген ол өз ойын еркін жеткізе білді, жарасымды әзіл де айтты, әлемде тек бейбітшілік болса екен пікірін де білдірді.

«Ағайын, сіздермен амандасуды ұмытып кетіппін бе? Ассалаумағалейкум. Қазақ: «Енді өзіміз шай ішейік...» деген сөз бар ғой, емін-еркін әңгімелесейікші...» деп қазақ көрермендерін бір күлдіріп алды Димаш. Содан кейін домбырашы жігіттер



мен бірге «Адай» күйін күмбірлетті. «Он бес жасында қиялымда осы әнмен әлемнің сахналарын кезіп жүретінім...» деп «Дайдауды» шырқағанда залдағы барлық көрермен қосыла кетті. Әсіресе, шетелдіктер «Дайдауда» деп үздіккенде арқа шымырлап кетеді екен. Орал Байсеңгірдің сөзіне жазылған Димаштың өз әні «Ұмытылмас күн» де музыкасы қосылған сәттен бастап барша көрермен қосыла жөнелетін дүниеге айналыпты. Мұнайдар Баймолданың сөзіне жазылған Айтул Бажановның әні «Махаббат бер, маған» да солай. Шешен салдың «Дурдаразы» да рок стилінде мүлде жанаша сипат алыпты. Айтпақшы, интернеттегі шетелдіктер жазған пікірлерді оқысаң, олардың «Дурдаразы» ау баста патриоттық ән деп қабылдағанын байқайсың. Алға озып айта кетсек, бұл күні сахнада орындалған 28 шығарманың (ән-күй, – Б.Б) 10-ы қазақ тілінде болды. Қазақ елінің, қазақ әнінің насихаты осы емес пе? Димаш бұл кеште Игорь Крутойдың бірнеше шығармасын орындады.

«Любовь уставших лебедейді» зал толы жүрт әдеттегідей қосыла шырқайды. Ал мәтіні жок, дауыс арқылы музыкалық аспаптар ғана шығаратын дыбыстарды беретін вокалді стиліндегі «Знай» мен «Аве Мария» композициялар орындаған сәтте көрерменнің музыкамен бірге ғарышқа самғағаны анық. Ал Олжас Құрманбек сахнаға шығып, Игорь Крутойдың Stranger композициясын қобыз үнімен әрлегенде, Қорқыт кіріп келгендей әсерде болдық. Музыкада шекара болмайтыны рас қой... Төмірлан Олжабай мен Ернат Наурыздың орындауындағы түрлі композициялар да қос ішекті домбыраның бар мүмкіндігін сарқа көрсетті бұл күні!

Көрерменнің есінде қалған тағы бір әлемді сәт – әншінің анасы Света Айтбаеваның ән салғаны. Даңқты композитор Ахмет Жұбановтың атақты «Қарлығам» әні Светлана орындауында өзгеше бір өрнек тапқан. «Мен ән айту үшін емес, Димаштың жер бетіндегі барша көрерменіне алғыс айту үшін шықтым. Осы әнді менің айтқан алғысым деп қабылдандылар...» – деген Светлана жүрекжарды лебізін Димаш аударған сәтте көрермен ұзақ қол соқты. Кейін, интернетте жазылған пікірлерге назар аударсақ, концертке қатыса алмай қалған әлемнің түкпір-түкпіріндегі тыңдармандар да «Қарлығамқа» зор ілтипат білдірді. Енді сахнада Димаштың

әке-шешесімен бірге ән шырқағанын көргісі келеді екен.

«Айта бермейтінім болмаса, менің ішім үнемі толып жүреді. Соның бірақтарынан әнмен жеткізім келеді...» деген Димаш Ренат Файсиннің пандемия кезінде жазған «Қайран елім» әнін әуелетті.

Пандемия демекші, осы екі жылда Димаш сахнаны әбден сағынған екен. Әрине, осы арада ол қарап жатқан жоқ, жатпай-тұрмай өзін жетілдірумен айналысты, бірақ сахнаның жөні бөлек қой.

Айтпақшы, әлемде соңғы уақытта болып жатқан оқиғаларға байланысты Дубайдағы концертті ұйымдастыру әсте оңайға түспегені тек оны ұйымдастырушыларға аян. Әншінің әкесі Қанат Айтбаевтың айтуынша, Еуропа, Азия, Ресей, Украинаның мықты музыканттары, техникалық қызметкерлер мен режиссерлерден құралған топ әуелі концертке онлайн түрде дайындалған. Кейін Қазақстанның астанасында бас қосып, екі апта бірге тер төкті. Соның арқасында мүлт кеткен бір сәт болған жоқ, Димаш концерт бітер сәтте олардың әрқайсысын жеке таныстырып, ерекше ілтипат білдірді.

...Концерттен кейін де көрермендер тарап кете алмай, Coca-Cola Arena-ның алдында күт тұрды. «Қазақстан, Димаш! Шетелдіктердің аузында осы екі ауыз сөз. Бізге ықыластанып қарайды. Димаш туралы, қазақ ұлты жөнінде кішкентай болса да бір дерек біліп қалуға ұмтылады. Мерейленіп қалады екенсің. Ал қазақтар бір-бірін құшақтап, құттықтап жатыр. Бірнеше сағат

ғарышқа барып келгендей болдым...» – дейді осы концертке арнайы келген алматылық кәсіпкер Қуатбек Хайроллаев. «Ғажап, қандай керемет!» – дейді Алматы облысында туыс шаруашылығын дамытқан, Дубайға әдейі Димаш үшін келіп, арасында араб бизнесмендерімен іскерлік қарым-қатынас орнатып үлгерген Сыдық Дәулетов.

Айта кету керек, осы концертке Қазақстанның біраз адам барыпты. Нұрлан Өнербаев, Ұлықбай Жолдасов, Мирас пен Құралау секілді өнер иелері де арнайы келіпті. Оның үстіне Дубайда әртүрлі жұмыс істеп жүрген жерлестеріміз де қалмай қатысты. Тек қазақ емес, түркі жұртының да біраз өкілінің айдарынан жел есіп жүр. «Қазақстаннанмын» десең, қонақүй қызметкерлері мен таксисшілерге дейін: «О, Димаш» деп әңгіме өрбітуде бейіл боп тұрады.

Р.С. Бала күнінде Димаш: «Мен әлемнің сахналарында ән айтамын. Мамамды (Әжесін айтады, – Б.Б) ертіп жүрмін...» дейді екен. Сол кезде тек өзі ғана сенетін арманы шындыққа айналды. Дубайдағы концертке Димаштың әжесі Миуа Низамутдинова мен нағашы әжесі Бибігүл Төлемісова бірге барды.

24 наурыз күні Burj Al Arab қонақүйінде БАЭ-дегі ері салтанатты шараның бірі – EMIGALA Fashion Awards мода кеші болды. Димаш мұнда SOS әнін орындап, екі әжесімен бірге қызыл кілем үстінде жүріп өтті. Кеште EMIGALA Fashion Awards директоры Мишел Дахер Димашқа «Үздік әлем жылдызы» номинациясы бойынша Emigala international Awards сыйлығын табыстады. Димаш сыйлығын өзін бес жасынан бастап күн сайын музыка мектебіне тасыған әжесі Миуа Низамутдиноваға табыс етті.

P.P.S.

Германияның Қазақстандағы елшісі Моника Иверсен жақында Димашпен кездесіп, әйгілі әншінің «Арнау» жобасы аясындағы концертті суаір аянда Германияның Дюссельдорф қаласында өтетінін хабарлады. «Димаш-Әлі» шығармашылық орталығының жетекшісі Қанат Айтбаевтың айтуынша, әлемдік турне Дюссельдорфтан кейін Прага қаласында жалғасады.



ӨМІРІ ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ...

Зиялылық – адамның жоғары мәдениеттілігінің ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым.



Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Бұл орайда Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Қызылорда облысындағы Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Сәбит Иманғалиевті сөз арқауындағы зиялылық пен парасаттылық тұғырындағы тұлғалық болмысы тұрғысынан бағалаймыз. Сексен жастың сеніріне көтерілген абыз ақсақалды ғұмырнамасындағы еңбек белестері ата-бабалық өнегелі өмір сүру ұлағатын айқын аңғартады.

Сәбит аға ғұмырнамасының алтын Сарқауы – туған жеріне, ауылына, сол арқылы кең-байтақ Отаны Қазақстанға арналған перзенттік-азаматтық махаббаты. 1942 жылы Қазалы ауданының К.Маркс атындағы колхозындағы мектеп директоры болып қызмет істейтін Иманғали Жұмағұловтың отбасында ел аралап шығармашылық іссапарда жүрген классик жазушымыз Сәбит Мұқанов құрметті қонақ болыпты. Қалагердің әйгілі «Сырдария» романын жазуы үшін Сыр өңірін аралап жүрген кезі шығар. Халық жазушысы құрметті қонақ болған сол кеште дүниеге келіп жатқан нәрестеге Сәбит есімі қойылыпты.

Сәбит аға ғұмырнамасының «Аққыр», «Жаңаталап», «Мәдениет» ауылдары орналасқан Мақпалкөл өңірінде жұмысын жалғастырған ағартушы-ұстаз Иманғали мен абзал ана Мәрияның көпбалалы отбасында тәрбие алып өсті. Ол балалық жасөспірімдік кезеңдерінде ата-бабалық киелі салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды сана-сына сіңіре білді.

Әкесі Иманғали Қазақстан тарихындағы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновпен бірге өсіп отызыншы жылдары Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде бірге оқып ағартушылық жұмысында қызметтес-әріптес болған. Әкенің кейін мектеп директоры болып, балаларының оқып білім алуына, зиялы, парасатты болып өсуіне ықпалы тигені анық. Бұл – тектілік қасиеттің бала бойына дарып ағартушылық қызметтегі өркенінің гуманистік дәстүрі десе болғандай.

Сәбит 1959 жылы жоғарыда атаған «Мақпалкөл» орта мектебін бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы медицина училищесін фельдшерлік мамандығы бойынша бітіреді (1962 ж.). Мұнан соң Жаңаталап колхозында фельдшер, кейін көрші Аққыр ауылында жаңадан ашылған аурухана меңгерушісі болып еңбек жолын бастайды.


Осындай өркеніетке құштарлық ықпалымен Сәбит Алматыдағы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жоғары білім алады. Медициналық және филологиялық-педагогикалық қос мамандықты игерген оның ендігі еңбек жолы ауылындағы №188 орта мектептің мұғалімі, оқу ісін меңгерушісі (1970-1973жж.), одан кейін «Мәдениет» совхозындағы орта мектептің директоры (1974-1980жж.) қызметтерімен жалғасты.

Сол кезеңдегі кеңестік басқару жүйесіндегі озбырлық саясат бойынша қазақ жастарын онжылдықты бітіргеннен кейін қой бағу, егін егу жұмыстарына еріксіз қалдырып, талай дарынды жастардың ұлттық әлеуетін танытуына кедергі жасалды. Бұл Сәбит ағамыздың ұлттық-азаматтық көзқарасындағы намыс отын тұтатқан айрықша саяси-әлеуметтік жағдай болды.

Мұны жаңа буын ұрпақтың өркендеуін дамытуға арналған жаңа

қызметтері арқылы жүзеге асыра бастады. Сөйтіп 1980 жылы Қызылорда қаласына қоныс аударып, қалалық «Қазақ тілі» қоғамын басқарған, тоқсаншы жылдары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жолға қоюда көптеген іс-шараларды ұйымдастырды. Украинадан жазу машинкаларын алдырып, оған қазақ әріптерін енгізді. Мерзімді баспасөз беттерінде өзекті мәселелерді көтеріп, бірқатар мақаласын жариялады. Облыстық радио мен телерадиодан арнайы сұхбаттар ұйымдастырып, еңбек ұжымдарының жиналырдағы қазақ тілінің мәртебесі туралы мазмұнды баяндамалар жасады.

1967 жылдың күзінде отбасылық одағын құрған жары Зубайра Қыстаубаева екеуі ата-бабалардан жалғасқан ұлағатты дәстүрін лайықты деңгейде дамытты. Зубайра – Қызылорда қаласындағы М.Мамбетов атындағы педагогикалық училищені, одан кейін Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтты «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген жоғары білімді, білікті маман. Ол өзі туған Жалағаш ауданындағы «Аққыр», «Мәдениет» ауылдарындағы орта мектептердегі ұстаздық



еңбек жолында тиянақты қызмет етуімен танылды. Жас маман қыздың көпшілікті ұйымдастырушылық қабілетін байқаған аудан басшылығы Зубайраны Жалағаш аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметіне тағайындаған еді. Бұдан кейін ол Қызылорда қаласындағы кешкі жұмысшы жастар мектебінде ұстаздық еңбек жолын жалғастырды. Осы қызметте жүріп Алматыдағы көрнекті филолог ғалымдармен бірлесіп, жоғары сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулығын («Мектеп» баспасы) шығарды. Осы еңбегінің нәтижесінде 1989 жылы өзі жоғары білім алған Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы қызметіне қабылданып, көп ұзамай Қазақстан білім беру ісінің үздігі атанды.

1999 жылы олардың отбасы Алматыға қоныс аударғаннан кейін отағасы Сәбитпен бірге Алматы экономика және статистика академиясында, сонымен қатар өзі Қазақ-Америка университетінде аға оқытушы болды. Ерлі-зайыпты қалагер ұстаздардың бірлесіп жазған «Қызылорда көшелері» (1993, 2009 жж.) атты танымдық-анықтамалық кітаптары тілтану, елтану тұрғысындағы маңызымен жұртшылықтың жылы қабылдау ықыласын иеленді. Олардың он мың сөзден тұратын «Орысша-қазақша сөздік» атты еңбегіндегі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін дамыту бағытындағы іс қағаздарының қазақша үлгілері мен тіл дамыту тараулары халықтың әлеуметтік топтары мен тіл үйірмелері үшін таптырмайтын пайдалы кітап болды. Ол Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы арқылы республиканың облыстарына тарапты. Үш тілде жарық көрген «Астаналардағы көшелер» атты көлемді еңбегі Қызылорда, Алматы, Астана қалаларына арналды. Еліміздің үш астанасы болған қалалары жайлы еңбек 2014 жылы Германияның және Түрікменстанның астаналарындағы Халықаралық кітап көрмелеріне қойылып, күндіз материалдар әлем халықтарына таныстырылды.

Бүгіндері 80 жасқа толған Сәбит аға мен 75 келген сүйікті жары Зубайра – үлгілі отбасы иелері. Олардың жанұясында үш ғалым, екі Журналистер одағының мүшесі, екі Құрметті азамат, білім және мәдениет

саласының екі үздігі және отбасы мүшелері жазған он жеті кітап жарық көрген. Өркеніет кеңістігіндегі қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерімен қалыптасқан, домбырамен күй тартатын, ән салатын, бірнеше тілді меңгерген бұл отбасы – зиялылықтың, парасаттылықтың көрнекті көрсеткіші. Халықаралық «Қазақстан-Заман» газеті жариялаған «Үлгілі отбасы» байқауының жүлдегері (2008 ж.) болды, ал 2018 жылы өткізілген республикалық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауында «Иманғалиевтер отбасы» Алматы қаласы бойынша қатысқан 131 смядан Бас бәйгені (Гран-при) жеңіп алды. Олар республикалық байқауға арнайы жолдамамен ұсынылып, онда да «Ғалымдар отбасы» номинациясымен үлгілі отбасылар қатарында бағаланды. Бұл – әлем өркеніетіндегі зиялылық пен парасаттылық қасиеттер тұтасқан озық сапалы адамзат ұрпақтарымен деңгейлес қазіргі қазақ отбасыларының биіктігін танытатын жоғарғы баға екені даусыз.

Сәбит те, Зубайра да педагогикалық және қоғамдық-әлеуметтік қызмет салаларындағы және отбасындағы ата-аналық қызметтері аясындағы өмір сапарында көңіл күй тебіреністерін өлеңмен де өрнектеп келеді екен. Әкесінің де, анасының да өлеңдерін және олар туралы естелік мақалаларды «Қос шынарым» атты жинаққа топтастырған, осы әулеттегі ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, тарихи тұлға Темірбек Жүргенов туралы диссертация жазып қорғаған, монография шығарған Бауыржан Сәбитұлы перзенттер атынан тебірене толғаған екен:

«Ата-анамызға қандай да бір жақсылық, сый жасасаң да олардың бізге істеген, бізге төккен мейірім-шапағатын өтеу мүмкін емес. ...Алатаудай әкешім, бұлақтай мөлдір пәк анашым! Біз ауылда тудық, қалада өмір сүріп жатырмыз. Сіздерден үлгі-өнеге алып, берген тәрбиелеріңізден нәр алдық. ...Осылай өмір көші, өмір ағысы жалғасып жатыр. Жандары серке, еңбекқор, жүректері ізгілікке толы асыл Әкешім, ардақты Анашым! Шынар ағашыңдай ұзақ жасаңыздар! Біздің қызығымызды көріп бақытты болыңыздар! Шығармашылық табыс, тұлпардай шабыс тілеймін!» (Иманғалиев Б.С. «Қос шынарым» кітабы – Алматы: 2012ж. – 168 б.; 3-4-бб.).

Біздің кейіпкеріміз Сәбит Иманғалиев текті әулеттің ұрпағы, үлгілі отбасының иесі, халқымыздың тарихындағы көрнекті зиялыларымыздың дәстүрін өнегелі өмірімен жалғастырған парасаттылық биігіндегі азамат.

Жас кезінде ақын болуды да армандаған азамат, тұлған жерге, балаларға арналған өлең, әңгімелері де кезінде мерзімді баспасөздерде жарияланып тұратын.

Жалағаш ауданындағы туған ауылының топырағынан қуаттанған перзенттік махаббаты өлең жолдары болып қағазға түсіпті. Солардың бірі – «Балалығым» атты өлеңінен оның балдәурен балалық шағы мен қазіргі абыздық-ақсақалдық асуындағы тебіреністерімен ортақтасамыз:

Көргем жоқ дүниенің талдап бәрін,
Балалық, ештеңені аңдатпадың.
Тек гана шыбық, атты мінгіп алып,
Есімде ауыл сыртын шаңдатқаным.

...Өмірден өгей болып қалады кім?!
Өкінбей, сырға толы әр адымым.
Тек гана өзім жүрген шаң ішінде
Бұлдыр қалыпты ғой балалығым.

(Иманғалиев С. Балалығым. «Қос шынарым» кітабы, 2012 жылы, Алматы 72-73-бб.).

Темірбек Жүргенов қоғамдық қорының төрағасы, еңбек ардагері Спен (Сәби) Әбдіқадырұлы Аңсат ағамыздың «Айтарым бар» атты тарихи-танымдық, көсемсөздік кітабындағы «Адам киесі» тақырыбында мынандай ойлар айтылады: «Киелі, қасиетті адамдар болады, «Оқ өлпейтін адам болмайды, оқ тимейтін адам болады» дегенді газеттен оқыдым, осыған өзім иланамын.

...Бақ қонып, Қыдыр дарыған киелі әулет осындай болады, ол дүние-мүлікпен, мол байлықпен өлшенбейді. Киелі әулеттен тараған ұрпақтар оны ұстап тұрулары керек. Ұстай алмағанның жазаға, қарғысқа ұшырағандарын көріп жүрміз» (Аңсат С.Ә. Айтарым бар: Публицистика. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 280 б. 89-б.).

Құрметті айтқанда, сексен жылдық киеді, асыл дәстүрлерін азаматтық ұстанымымен дамыта жалғастырған. Сол арқылы зиялылық пен парасат биіктігінің үлгісін көрсеткен. Қазақстан Республикасының қазіргі және болашақ ұрпақтарына мағыналы, сүлу өмір сүру ұлағатын танытқан Сәбит Иманғалиев – біздің ұлттық келбетіміздің шынайы сипатын танытатын жан. Лайым, ата-бабалық киелі дәстүрлерімізді адамгершілік-имандалық қасиеттерімен дамытқан өнегелі тұлғалар ұлағаты жаңа буын ұрпақтарымызға жалғаса берей!

ЖӘРКЕН ЖЫРАУДЫҢ ЖЫЛДЫҒЫ

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, белгілі ақын Әлемге жайылған алапат іңдет көптеген отандасымызбен қатар әр салада зор еңбек сіңірген танымал тұлғаларды арамыздан алып кетті. Көзі тірісінде «Жәркен жырау» атанған Жәркен Бөдешұлының есімі қашанда ұмытылмақ емес. Тіпті, қайтыс болғаннан кейін көп өтпей, ақын інісі Ержанат Байқабайұлы Жәркен ақынға арнап «Боталар неге боздайды?» атты жыр кітабын шығарды. Сонымен қатар ұлылардың алтын бесігі Кенсайда мәңгі дамыл тапқан ақынның басын көтеріп, көктас орнатуға бастамашы болған да осы Ержанат Байқабайұлы екен. Жас ақынның аға ақын жайлы толғаныстарымен бірге, бірқатар ұсыныстары айтылған мақаласын жариялап отырмыз.



Ақынның артында не қалды? Өлемес, өшпес өлең қалды. Ақын жанның сыры, көрген жанның көкейінде нар маңдайы, құлан қабағы, сағынышқа толы жанары, асқақ рухы қалды. Алтын басы Алатаудың бауырына жерленді, сағынышын Сауыр тау мен Жайыр тауға көмді...

Жәркен жырау өмір есігін өткен ғасырдың қиыншылығы мол қырқыны жылдарының бел ортасына жете Майлы-Жайырдың көш жолында ашып, кіндігін Қату таудың қара тасымен кесті. Тарбағатайдың таулары мен шалдары жарыса азан шақырып «Жармұхаммед» деп атын қойды. Жайыр тау жайнамазын жайып, ақ сәбиімді маңдайыма сыйдыра көр деп алақан жайды. Жоқшылық жылдарда әкесі Бөдешұлының қалжасына бодене сойып қарап отырмады, жон таудағы арқардың құлжасын шалмалап әкеліп сойды. Содан да болар, Жәркен жырларындағы ішкі-сыртқы нәзімдері ақбас құлжаның ай мүйізіндегі неше айналып үйіріліп, бұйырды бір-біріне бүтіліп, ұйқарып оюласып, өрнектеліп біте қайнасып, қан мен кемік кеңесіп кете беретіні. Ал жыраудың өмірі де оққа сүйенген арқардың қорғасын ұыты бойына тарағанша адалдық пен тазалықтың күз-жартасынан кең дүниеге кемесемей керіле қарап тұрды, құламады. Өйткені сағыныштың алып самұрығы іліп әкетуін күткен еді. Ее, «балықтың да көз жасын су біледі» дейтін баянсыз өмір осы да.

Бөкеннің желісіндей болдырмақ Бүкүндер өтіп, қозы жайған бала Жәркен бозбала болып қоңыр құнаған ер салды. Оқыды, ақындық арман жолын жүріп түсті. Ақыры «бір қиырдың әйтеуір дәмір тартып, туған жерінен әкетті ажыратып». Заманның зардауысы ақ түтек ақ боранында бір-ақ түнде соны таудың соқпақшыл бөрісіндегі Арқаға ауды да кетті. Атамекенге жетті, туған жермен қоштаса алмай аттанды. Бел асып келіп бесігін ұмытпады, әйтпесе «не келіп, не кетпеді жігіт басқа». Бекінген бетінен, берген сертінен айнымаған, көрген дертіне қажымаған, дүние-қоңызға қолын бірақ ситтеген ары таза адал ақын еді. «Осы Жәркеннен жақсы ақын шықпаса, мұрнымыз кесім берейін» деп ақынқ Мұқағали бекер айтпаған. Батасын беріп, «бауырым» деп бауырына тартқан. Жәркен жыраудың өміріндегі ең алғашқы, ең үлкен сыйы да, қуанышы да, ең соңғы марапаты да сол шығар.

Ақ бауыр жылдар ауаған сайын су тиен арқандай ширай түсті. Туған жер туралы ғажал жырлар жазыла берді. Ол жақтың ауылында, бауырында, аруында, бұлағында, жылыны да, қоңызын да, «өреден құрт-ірімшік алып қашатын кезқұйрығы мен қарғасын да» сағынды. «Тіс шұқытын жалғыз тал арпасында да зар болған» запырған түндер басынан өтті. Қылыш жүзді қырқында да, етеулі елуінде де, алқынбас алпысында да ата жұртын, туған жерін сағынып жүрді. Жылқы мезгілі ақын жаны, ақ жүрегі жұлдеге емес, пенденілікке жүдеді. Ыстық құшақ, жылы қабақ болмағасын тобырлардың

тобынан жалғыз шығып, жалын күнге иіскетіп, кісінен кісілік тауына жал асып езбен емес, желмен сырласып баратын. Ол сағыныш арқылы жалғыз ғана Жайырды емес, жарық әлемді жырлады. Опалылық, мейірімділік, адамдық ар-ұжданға жырлады. Айта-рын ашы айғаймен емес, пері қыздың беташарандай ажарлы айтатын. Сондықтан соны жырдың нәлін сорған Жәркен – жырдан жылқы айдаған қара өлеңнің Қамбары, оқырманы ең көп ақын, бақытты ақын. Бозадыр маңдайлы, аңыз текті, жырымен қаратасты да жылатып, жылан түлейтін қазақтың жырауына айналды.

Бемес, енді не десек те Жәркенге бөрібір Жәкең өрт өмірде, мұз тағдырда өзінен бұрын өзгелерге гүлістан бақыт тілейтін. Тірісінде қысылғанда жанынан табылған жандар, жанашыр бауырлары болды. Жарты құртты бөліп жеп, жартылықты бөле ішкен сырлас-сыйластары да болды. Алпысында күміс шапанын жауып, астына ат мінгізген інілері мен бауырлары болды. Оған әуелі Алла, одан соң өлең мен Жәркен атамның өзі риза болар. Алайда қазақтың кеше ғана көзі тірі жырауды өзі әбден лайық ат-атағын ала алмай, жетерлік сый-сияпатын көрмей кетті. Тіпті, жыр маңғазы Жәркенге кейбір ауыл арасының өлеңшілеріне де бұйырған Мемлекеттік сыйлықтары да қимағанымыз қынжылтады. Енді қандай атақ берсек те, Жәркен жырау қайта оралмас.

Дүниенен аруағын әспеттеп, орнын сұятпай, есімін ескіртпейтін өткен мен болашақ алдындағы, жыр мен Жәркен алдындағы елдік өтеуімізді өтеуге тиістіміз. Аруақты көңіден тартқанымыз емес, бұл ретте мынадай ұсыныс айтар едік:

Жәркен Бөдешұлы шығармасын оған қатысты зерттеу, эсселер қамтылған толық томдық құрастырылса;

Жәркен Бөдешұлы атындағы халықаралық жыр мұшәйрасы дәстүрлі түрде өткізіліп тұрса;

Көзі тірісінде тұрған Құлагер ықшам ауданында немесе Сондағы парке артындағы монументі орнатылса;

Өмір бойы туған мекенін жырылап, сағынып өткен ақынға Қазақ елінен бір елдімекеннің немесе ірі қалалардағы бір көшенің аты берілсе;

Жоғары оқу орындары мен кітапханалардан Жәркен Бөдешұлы атындағы оқу залы ашылса;

Бұл ұсыныстарымызды мәдениетке жауапты құзыры орындар мен Қазақстан Жазушылар одағы жағынан ескеріледі деп үміттенеміз. Ал Жәркен жырын оқыған, қадыр-парқын білетін жаны жылы, қолы жомарт жандардың ақынның артында қалған жаны Гүлшат Бөдешұлова апайға қолдан келген көмекші аяп қаламын өтінер едік. Мәртебелі қазақ поэзиясында сағыныш жырының дабылын қақпа дауылап жырғаудың аруағы риза болып, болашақ ұрпақтың алдында жүзіміз жарық болғай!

Ержанат БАЙҚАБАЙ

АБАЙДЫҢ ШЫҒЫСЫН
ҚАНШАЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУГЕ
ТАЛПЫНСАҚ ТА, КЕМЕҢГЕРДІҢ ДІНИ
КӨЗҚАРАСЫНА ТЕРЕҢ ТАЛДАУ
ЖАСАМАЙЫНША КӨП НӘРСЕНІ
ТҮСІНЕ АЛМАЙМЫЗ. ӘСІРЕСЕ,
МҰҢДАЙ БЫҚЫЛАС ЕЛІМІЗ
ЕГЕМЕНДІК АЛЫП, АТЕИСТІК
САНАДАН АРЫЛЫП, ӨЗ ДІЛІМІЗГЕ
ҚАЙТА ОРЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ
ТУҒАН НИЕТКЕ ОРАЙ КҮШЕЙІП
ОТЫР. БІЗДІҢШЕ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА
АБАЙДЫҢ ШЫҒЫСЫНА,
КЕМЕЛДЕНГЕН КЕЗІНДЕ ЖАЗҒАН
ЖЫРЛАРЫНА, АРТЫНДА
ҚАЛДЫРҒАН ҚАРА СӨЗДЕРІНЕ
ҚАРАП-АҚ, ОНЫҢ СОПЫЛЫҚТАН
АЛЫС ЖҮРМЕГЕНІНЕ ТОҚТАСАҚ
КЕРЕК-ТІ.



Адамзаттың АҚЫНЫ



Амангелді
КЕНЖАЛОВ

Сопылық дүниетаным – Абай поэзиясының қиян шыңының ұшар басы. Ендігі жерде Абайдың биігін көлеңке іздемей, оның «шығысын» түсінетін, сол шыңның асқарын сезінетін оқырмандарды тәрбиелеген жөн болар. Абайдың шығысы сонда ғана ашыла түседі. Оны тану үшін әуелі исламның жауһары – сопылықты, сол арқылы мына жаратылысты сопыларша түсінуге тереңдей бастаймыз. Сонда ғана Абаймен үндесіп, ол айтқан әр сөздің мағынасына үйіліп, қабылдай аламыз.

Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлы Бопылық ілім негізіндегі дүниетаным Түркістан өлкесінде IX-XIII ғасырлар аралығында жанданып, кең өріс ала бастағанын айтады. Ғалым Насафидің «Қожа Ахмет Ясауи» еңбегін мысалға алып «...сопылық ағым, дәуіршігер пайғамбарлар заманындақ өмірге келген» деген пікірді алға тарттады. Суфизмнің қалай пайда болып, ислам әлеміне тарала бастауын ғасырлармен жіктеп талдаған, ирандық лингвист, Теһран университетінің профессоры Али Акбар Деххода (1879-1959) ислам туын желбіреткен пайғамбарымыз (с.ғ.с) дәуіріндегі ислам дінінің шығары жаңа алғашқы жылдарында сопылық туралы сөз де болмағанын айтады. Расында да одан кейінгі билік құрған сахабалар Әбу-Бәкір мен Омар кезеңінде ислам шекарасын кеңейтіп, жорықтармен өткен жылдары дін туралы басқа пікір болуы мүмкін емес-ті. Одан кейінгі төртінші халиф Осман Әбу Тәліб кезінде түрлі діни идеяларды дамытуға мүмкіндік ашылған заман туады дейді. Исламның алғашқы ғасырында мұсылмандар арасында айтарлықтай пікір алшақтығы болмағанын тілге тиек еткен Али Акбар Деххода өз еңбегінде мынаны айтады: «Суфий ізбирал уединенный образ жизни, для того чтобы предаться целиком непрерывному чтению молитв и повторения хором имени Аллаха заслужить Его благоволение. И между суфиями и остальными мусульманами была лишь одна разница, что суфий придавал некоторым идеям большее значение, как, например зикру (т.е. непрерывному произнесению хором фразы «Нет Бога, кроме Аллаха»), и это для них имело значение не меньшее, чем совершение обязательной обрядовой молитвы салат; также они придавали большое значение упованию (لک وک) и возложению надежд на Аллаха в такой мере, что иные из них усилили раздобыть еду и поиски лекарств от болезней считали противоречащим упованию на Аллаха».

Мақаламызда сопылықтың даму тарихын түгелімен талдауды мақсат етпейдік, ол туралы Тримингэм Дж. С. «Суфийские орден в исламе». М., 1989, с. 17-36; 114-129) кітабынан, «Суфизм в контексте мусульманской культуры» (1990 г. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1989) жинағынан таныстық. Берінде жарық көрген қазақ ғалымдары Досай Кенжетай мен Назира Нургазина еңбектерінде де бұл мәселе жан-жақты талданған. Бұл еңбектердің маңыздылығы сол сопылық ағым туралы егжей-тегжейлі түсіндіріліп, оның пайда болуынан бастап ілімді алып келген алғашқы сопылардың мұрасы туралы жақсы айтылады. VII ғасырлардағы ілімнің дамуындағы күрделі белесті Тримингэм Дж. С. «Суфийские орден в исламе» деген мақаласында кеңірек түсіндіреді. Осы кезеңде ханакалар ашылып, ол қоғамның маңызды орталығына айналады, «шейх – мұриш» беделі артып, алдыңғылары мемлекеттік қызмет есебінде жүріп, қоғамның сыйлы адамдарына айналғанын білеміз.

Тақырыбымыздан тым алыстап кетпеу үшін, Али Акбар Дехходаның зерттеуінде мына деректерге назар аударалық. Ол, хижраның V ғасырындағы сопылық ағымның ерекшеліктерін баяндай келе былай деп жазады: «в V вх. началось проникновение суфийских идей в поэзию, и оно росло с каждым днем и углублялось, так что в VI-VIII ввх. редко встретишь поэта, который не увлекался бы суфизмом». (Хижра бойынша V ғасырда сопылық идеялардың поэзияға енуі басталды және ол күн сайын күшейе түсіп, сондықтан да, хижра бойынша

VI-VIII ғасырларда сопылықпен әуестенбеген ақынды өте сирек кездестіруге болады).

Осы ғасырларда жас Абай әруағынан медеет сұрап, аттарын тізбелеп айтқан шайырлар өлең жазу өлшемімен пайда болып, өздерінен кейін сан ғасырда, адамзаттың әр тілінде назиралап насихатталатын мол мұрасын қалдырады.

«Исламдық Шығыстың әдебиетінде, әсіресе араб пен парсы әдебиетінде дін философиясы бірқыдыру орын алады. Әбуғали-сина, имам Фазали, имам Фараби, ибн-Гарби, ибн-Тәймия сияқты мұсылман ғалымдары ислам дінінің философиясы туралы бірсыпыра кітаптар жазған. XIX ғасырда Россиядағы мұсылмандар арасынан шыққан Шаһабуддин Маржани да дін философиясымен шұғылданған. Абай осылардың бәрін оқыған да және жақсы түсінген. Араб пен парсы тілін жақсы білгендігі және сол тілдерде жазылған ислам дінінің теориясын және практикасы туралы кітаптарды оқығаны Абайдың шығармаларынан көрінгені қалып отырады» деп Сәбит Мұқанов та айтқан.

Философия ғылымдарының докторы Досай Кенжетай, «Абай мұрасы – қазақ діни танымның айнасы» деген мақаласында Абай дүниетанымын қазақ мұсылмандық түсінігінің ерекшеліктері мен болымсыз кескіндейтін көрсеткіш ретінде бағалайды: «Ол – ислам діни жолында таза имандылықты уағыздаған хақим. Ал жалпы түркі әлемі келді қазақ мұсылмандығының ерекшелігі сопылық дүниетаным болатын. Бірақ Абай тарихат жолына түскен суфи емес, ол – сопылық дүниетанымдық ойлау жүйесі арқылы өз қоғамын бақытқа жеткізу жолын іздеген, халқына жөн көрсеткен дана, хақим».

Ғалымның айтқанына алып-қосарымыз осы ілімді саралай отырып, ақын оны түйсігіне ілді, өз дүниетаныммен қорытып, оны «абайша» жырлады. Біздіңше, бұл ұстаным Абай өміріне негіз болды. Оның бір дәлелі Кәкім Ысқақұлының мына сөздері: «Әсіресе, ыхтихадқа бек махкәм еді. Не іс қылса да, не насихат айтса да, мынау құдай-шылыққа жөн, бүйтсе адамдыққа жөн деуші еді».

«Ғибадаттың ең үлкені: көңілдің тазалығы, адам баласына жаны ашырлық» деп, сыртымен сопысынып, тақуасынған кісіні қатты ұнатпаушы еді. «Мұндай адамдар халық үшін ғибадат қылады, хақылқпен, шын көкірегі емес, қара жұртқа құрметті болмақтан басқасы жоқ», – деп еске алады Кәкім Ысқақұлы.

Хәкім 38-ші сөзінде, сопыларды да сынайды. «Бұл заманның модалары хақим атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлкі, бұзық фиғыл, әл-инсан ғәддуләма жәһилгә хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тілі үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәс болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бігіреді. Бұлардың көбі әншейін жәһил түгіл, жәһиләләр кібік талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм ғиба-

раттансын. Рас сөзге оқ қазып, тор жасамақ не деген нысап, күр өзмішлілік һәм әр өзмішлілік – адам баласын бұзатын фиғыл. Рас-тың бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы қарулақанша, мұны ұғып, ғәдаләтпен төпгештеуге керек».

Осындай ойының басында: «Қиянат – хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда, хақылықты таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпен табылады. Ол – Алланың ғылымы емес, һәм-маны билетуғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол Алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды», деп толғанады. Ақынның сөзін тыңдай отырып,

Сопылық дүниетаным – Абай поэзиясының қиян шыңының ұшар басы. Ендігі жерде Абайдың биігін көлеңке іздемей, оның «шығысын» түсінетін, сол шыңның асқарын сезінетін оқырмандарды тәрбиелеген жөн болар. Абайдың шығысы сонда ғана ашыла түседі. Оны тану үшін әуелі исламның жауһары – сопылықты, сол арқылы мына жаратылысты сопыларша түсінуге тереңдей бастаймыз. Сонда ғана Абаймен үндесіп, ол айтқан әр сөздің мағынасына үйіліп, қабылдай аламыз.

«Ғылым мен білімнің» айналасынан орифтердің (ғұламалар) іліміне бастайтын жолды іздеді ме деп тебілеміз. Ойымызға:

*Ойға түстім, толғанойым,
Өз мінмәді қала алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойланойым.
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сый алдым?
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылып тыя алдым?
Бойдағы мінді санасам,
Тау-тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес...»* өлеңі түседі.

Осы ретте сопылықтың ірі туғалары, Оұлы ғұлама Жунайды Бағдадиндан жеткен мына тәмсіл еске түседі. Одан «Аллаға жету қанша жер?» деп сұрағанда, «екі қадам, біріншісі өзіңнен өтуің, екіншісі Аллаға жетуің» деген екен. Жүздеген ғасыр бұрын салынған, гүлденіп-күйреген кезеңнен де өткен, сонда да сәулесін шашып ілімі қазақ сахарасына да жеткен сопылыққа бастайтын бұл қос қадамның бірінен Абайдың аттамағаны анық. Ақынның қайшылықты сөздерінің бірі 38-ші сөзі Абайдың орта жолда, таңдау жасай алмай абдыраған хәлінен туындаған деуге болады. Олай деуімізге негіз бар. Оны Досай Кенжетай болса, «Абайдың дәуірінде сопылық жол әбден тозығы жетіп, өзінің таза рухынан алыстап, кім көрінгеннің құралына айналып, дін қоғамды ыдыратудың

саясатына айналған болатын» деп жазады аталмыш мақаласында.

Ендіше осы қалпындағы сопылық Жолдың сарқыншағын сынауға Абайдың да қақысы бар. Мекемтас Мырзахметұлы «ақын шығармашылығында, оның дүниетанымында суфизмнің белгілі дәрежеде белгі бедерлері болған ба немесе өзіндік суфизм жөнінде пікір таным бар ма?» дегенде «сопылық әдебиеттің белгісі мен дүниетанымның көріністері де байқалатын тұстары баршылық» деп жауап береді.

Ғқоса, 1902 жылы кемелденген кезінде жазған «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп аталатын атақты өлеңінде көрініс берген үш сүю немес иманигүл мәселесі кездейсоқ құбылыс болмаса керек-ті» дейді.

*Оқырманның есіне сала кетелік:
«Осы үш сүю болады иманы гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқұқ біл,
Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл...»*

Мақалада ғалым Абайдың суфизмге қарым-қатынасын камили-инсани, толық адам жайлы ой толғаныстарымен жақындатады. «Исламият әлеміндегі «әл-инса ал камил» мәселесін мораль философиясы негізінде қалыптастырған әрі осы ілім саласын ғасырлар бойы насихаттап, дамытушылар да сопылық әдебиет өкілдері болатын» дейді.

Абайдың шығармасынан сопы-шайырларының ізіне түскендер, міндетті түрде сол ақынның шығармаларынан үлгі алды деп айтып жатады. Оның себебі де бар. Мұхтар Әуезов кезінде «Оған тілдері түсінікті болған соң Низами, Науаи көп әсер етті. ... Өзіне ең жақын ұстаз етіп классик Науаи шығарма-

ларынан үлгі іздейді» деген сөзінің ықпалы да болуы мүмкін. Алайда ақын шығармашылығын, оның аудармаларын оқи келе Абайдың өзіндік үні, өзі салған жолымен асыл мұраға қосқан үлесі де барын аңғарамыз. Мұндай ойды нықтаған, профессор Сейіт Қасқабасовтың зерттеуі Абайға басқа қырман қарап, оның шығармашылығының әлеуетін бір дастанының көлемінде зерттеп, бағасын береді.

«Шығыста Фирдоуси, Низами, Джами, Науаи: Батыста Лампрехт, Ламберу, Бернз, Шатильонский, Шамиссо: ал Ресейде Жуковский жырлаған Ескендір Абайды да қызықтырған. Сөйтіп, ол «Ескендір» поэмасын жазып, әлемдік «Ескендір-намаға» өзіндік үлесін қосқан». Профессор ағамыз Ескендірдің образы мен жырдың сюжетіне қысқаша шолу жасай келе, «Абайдың «Ескендір» поэмасының сюжеттік түп-төркіні» табады да, Абайдың нағыз ұлыларға лайық диапазонына көзі жеткенін айтады. «Ол орта ғасырлардағы Шығыстың да, Батыстың да ұлы клас-

сиктерін білумен бірге дәуірдің жазба ескерткіштерін және жаңа замандағы аса көрнекті ақын-жазушылардың творчествосына, бүкіл болымсын жақсы таныған» дейді. Бұл пікір біздерді Абайды сопы-шайырлар дүниетанымына шегелемей, өзіндік биігі анықтауға, Абайдың дауысын естуге бағыттайды. Десе де, сопы-шайырлардың табиғатымен біртүсу, үндес келетін тұстары басым. Оларды ортақ қазыққа байлайтын, жалпыадамзаттық құндылық, толық адам келбеті, иманигүлмен қауышатын Алланы сүю, барша адамзатты үлкен жүрегімен бауырына басу, әділеттілікті сүю. Абайдың осы бір әдемі сөзін еңбегін атап жазған исламтанушы Қайрат Жолдыбайұлы «Шындығында, иман ақиқаты осы үш махаббаттан тарайды десек, артық айтқандық емес. Кейбір ғалымдардың Абай өлеңдерін қолжазбадан оқығанда бұл сөзді «имани гүл» – «толық адам» деп транслитерациялаған дұрыс деген пікірі де осыны аңғартса керек. Демек, «Имани гүл» бұл кемел иманға айтылған сөз.

*Раснона да,
«Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, ымын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес»* деген жолдары көміл иманның да, сопылардың махаббаты да ақынның өзінің дауысы да естіліп тұрған жоқ па?!

«Басты байла жолына, малың түгіл» деген ақын осы жолда адамзаттың қадірін кетіретін жаман әдеттерден аластау, жақсы мен жаманның арасын көрсетіп, Жаратқанның тура жолына бағыттау міндетін еріксіз мойнына алған туғла.

Абай бұл жолға үлкен жүрекпен ғана емес жоғары біліммен келді. Ұшқыр ойымен жалпы жаратылыстың құпиясын тануға талпынған жан, осы әлемнің мағынасы болып табылатын, жалпыадамзаттық құндылықтарды жәйдан жәй насихаттамасы анық. Аты атап тұрғандай, жалпыадамзаттық құндылықтар деп кең мағынасымен алғанда бұл адамзат баласының нәсілі мен ұлтына, әлеуметтік жағдайы мен саяси-діни тіпті мәдениетіне де қатысы жоқ, уақытпен шектеспейтін, тұрған жерімен қатынасы да аз, адамның жасы мен білігіне де байланысты емес игіліктерді қамтиды. Сол себепті де жалпыадамзаттық игілік, құндылықтар болып қала беретіні сондықтан. Ол атақты Сократ, Аристотельдерден бастау алған. Берінде Қытай, Еуропаның ғалымдары бас қатырып, сан мен санатын өзгертіп, әлі де бір ұстанымға келмегені белгілі. Өйткені адам баласының сан қырлы аспектілерін санамалай келе ортақ тұстарын табу, бір тоқтамға келу әрине күрделі нәрсе. Біздерде осы себепті жалпыадамзаттық құндылықтарды дінің мәңгілік сәулесінде қарап, талдағымыз келді.

Ислам әлемінде өскен, мұсылманшылықты жақсы меңгерген Абайдың басқа діндерге қатысты дүниетанымын білмек болғанымызда, Абайдың туысы мен өмірі деп аталған, Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасына (1927-1933) үңілейік.

Абай өз дінін өз сенімін адаласпай тапқан ақын. Бірде Семейге келген миссионермен пікір алысқан Абайдың сөзі былайша өрбіп: «Содан кейін Абай христиан дінінің наным бойынша «үш жүзді Құдай» ұғымыға қарсы дау айтады. «Бірлігіне үш жүзді болу сыйа ма, сол үш сипат бір жүзінде болса құдайлығына көп бола ма?» десе керек. Осы жиында Семейдің көп поштары Абаймен дауласпақ болған кезінде миссионер Сергей «Сендер қойындар, Ыбырайым Құнанбаев сендердің тісің бататын кісі емес» деген екен.

Біздердің жалпы адамзаттық құндылықтардың қайнар көзі туралы айтқанымызда, неге әріден алып отырмыз? Жоғарыда айттық, профессор Сейіт Қасқабасов Науаидің Ескендір-намасы мен ақынның Ескендірін, сонымен бірге сол кезеңдегі кыссалардың сюжеттік желісін салыстыра отырып, бірінде бар, бірінде жоқ компоненттердің дереккөздерін салыстырған. Ақырында «Жоғарыда айтқан, үшінші, яғни жұмаққа тап болып, сыйға адамның бас сүйегін алған Ескендір туралы баяндайтын сюжеттің тарихы қандай деген сауалға келсек, ол ежелгі дәуірдің аса күндіз ескерткіштерінің бірі – «Талмуд» кітабына апарарды» деген байлам жасайды.

Әрине, Абайға бұл дүниелер еуропа аудармашылары арқылы жетсе де, ол өз дүниетанымын мен талғамына қарай өзінің нұсқасын алып шыққанын түсінеміз.

*Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы тануға сөз айтырмас...
Распенен таласпа мұмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!*

Әрине, дін адамзаттың асыл қазынасы болса, сол құндылықтарды дәріптеуші ақын мен өлеңі болуы заңды нәрсе. Адамшылықты жырлаған Абайға дейін де қазақ әдебиетінің төрінен орын алған жарқын жұлдыздары да талантты замандастары да болды. Саралап көз жұтпирек, қазақтың тарихи әдебиетінің сарыны да негізінен діни сарындағы насихат, нақыл сөзге құрылғанын байқаймыз Абайдың да өз өлеңдерінің де алтын арқауы ой толғамдары нақыл сөздерге құралған. Қажым Жұмалиев оны жақсы танып «Абай өзінің әлеуметтік өміріндегі ролін жақсы түсінді. Ол өзін өз кезінің ақыны ғана емес, ұстаз деп білді. Сондықтан ол өмірдің барлық саласынан, жұртының бүтінгісінен де келешектегісіне де сабақ беруді адамдық борышын деп ұқты» деп жазады. Абайды басқаларынан шоқтығын биіктетіп тұратын осы ұстаным деуге болады. Осындай терең білім мен ақындық биік талғаммен адамзатқа ортақ құндылықтарды өлеңіне арқау етіп оны насихаттап қана қоймайды, өлеңімен халқының көзін ашып, түзеуге ден қоюы дер еді. Абай өзі тоқтаған ислам дінінде Алланың сипатын Құранның 112-ші Ықылас сүресінде былайша береді: «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (Мұхаммед.ғ.с. оларға) айт: Ол Алла, біреу ақ, Алла мұңсыз. (Әр нәрсе оған мұқтаж) Ол тұмады да, туылмады. Әрі оған ешкім тең емес». Егер Алланың 99 көркем есіміне көз жіберсек, онда Адамзатқа есiet етілген осы қасиеттерді танымыз. Асыл дінімізде топырақтан жаралған адам баласы Алланың құлы және оған жаратқан ерік-жігер, іс-әрекетті таңдау қабілеті мен сенім берді.

Адам бойындағы асыл істі көрсетіп, не нәрседен қашық болып, қанағат, рақым, өнер-білім үйреніп, талап, еңбек терең ой деп бес қазына істі айттып, адам болмау дегенге үйілі өсиетін айтқан Абай осы ойды көздеді. Барша адамзаттың жанын арашалауға асықты. Бүгінде ақын есімін ұлықтақанда жадымызда Абайдың осы ұлық қызметі тұрады. Мойындаймыз, танымыз, үлгі аламыз, жырымен жүрегімізді тазалаймыз, осылайша Жаратқанға жақпандауға тырысамыз. Абайдың ұлықтығы да осында жатқандай.

Өйткені Абай ілімі, Абай жолы «алды тар, арты соқпақ» мына заманда жер бетіндегі жамандықпен күресіп, ізпіліктің отын жағып әлемді құтқаруда рухани қаруымызға айналуы тиіс. Осы жолды өсететеген Абай қазақты адамзаттық құндылықтардың игілігінде өмір сүріп, өркендеу жолында бағдаршамымызға айналмақ. Абайтану ғылымы осымен де құнды.

Басы 1-бетте

– Жапонияда сумомен кәсіби түрде айналысып жүргеніңізге біраз уақыт болғанымен, интернетте сіз туралы мәлімет аз. Сумоға қызықтаныңызға қарағанда елде жүргенде қазақша күреспен айналысқан болар деп ойлап отырмын.

– Иә, қазақша күреспен шұғылдандым. Сүйегім ірі, денелі болып өстім. Сынып-татарымның ішінде ең ірісі мен едім. Күдай осылай жаратқан соң күреспен айналысамын деп шештім. Оның үстіне, мұндай денемен футбол немесе шахмат секциясына бара алмайтыным белгілі (күліп). Негізі, мен – Алматы облысы Балқаш ауданының тумасымын. Бірақ 5 жаста болғанымда ата-анам Алматыға көшіріп әкелді. Сонда мектеп қабырғасында оқып жүргенімде күреспен шындап айналыстым. «Қазақстан барысы» турнирінің іріктеу сайысына қатысқаным бар. Алайда сол сайыста мойнымнан жарақат алып, бұрынғыша жаттығуға мүмкіндік болмады.

– Сізді таниғындар Император кубогін 25 рет ұтып алған танымал сумошы Асасёрю Акинори шәкірт етіп тәрбиелеу үшін Жапонияға шақырып, университетке оқуға тусуіңізге қолғабыс жасағанын айтады. Бізді қызықтыратыны, Асасёрюдің көзіне қалай түстіңіз? Ол Алматыға арнайы келді ме әлде сіз Жапонияға бардыңыз ба?

– Асасёрю шәкірт іздеп Алматыға келген болатын. Ол белгілі кәсіпкер Сырымбек Таумен жақсы араласатын болып шықты. Сырымбек аға әкемінің досына Асасёрюдің Қазақстаннан шәкірт тауып, баптап шығарғысы келетінін айтқанда ол кісі «Менің досымның 17-18 жастағы ұлы бар. Соған айтып көрейік. Кездесіп көріңдер» депті. Содан олармен кездесіп, соңында барлығы келісе кетіп, ақырында Жапонияға баратын болдым. Ондағылар 12 жылдық білім беру жүйесі бойынша оқытандықтан, бір жыл мектепте, сосын сол елдегі жетекші университеттердің бірі саналатын Нихон университетінің спорт факультетінде 4 жыл білім алдым. Осы ретте айтайын дегенім, өткен аптада елдегі БАҚ беттерінде таралған мен туралы деректің көбі шындыққа жанаспайды. «Нихон университетінде үш бірдей бапкерден (ояката)



ОСАКАДА

ЧЕМПИОН АТАНҒАН



Ерсін КИНБОЗАН

дым. Ол кезде 4-курс оқитын едім. Одан кейін салмақ бойынша ұйымдастырылған тағы бір жарыста топ жардым. Сосын студенттік өмірмен қош айтысқан соң, бір жыл ешқандай жарысқа қатыса алмадым. Өйткені ересектер деңгейіне өтіп, сумодан кәсіби деңгейдегі жарыстарға қатысу үшін осыншама уақыт алатын бірнеше талапты орындау қажет болды. Жапонияда сумошылар арасында сайысқа түскісі келетін кез келген шетелдік алты ай бойы жапон тілі бойынша сабақтарға қатысуға міндетті.

– Тіпті, сіз секілді мектепте бір жыл, университетте төрт жыл оқыса да ма?

– Иә. Мейлі сен онда 10 я 20 жыл тұр, жапондық төлқұжатың болмаса алты ай тіл курсына қатысуың қажет. Ал сол алты ай ішінде жарысқа қатысуға рұқсат етіл-

«Әкем «Балам шыда, чемпион болу оңай деймісің? Чемпион болу оңай болатын болса, екіншісі чемпион болмай ма? Шыда!» деп желпіндіріп қойды. Сонымен шыдадық, тіл үйрендік, төңірегімізге үйрене бастадық. Бір қарасам, алты ай, енді бір қарасам бір жыл өтіп кеткен. Сөйтіп бірте-бірте осындағы режимге бойым үйреніп кетті. Оған қоса, әке-шешем, ағайын-туыс ұлтты арттып отырған соң ұятқа қалдырмайын деп тырысып-бақтым. Оның үстіне, жылық тектес халық болған соң, шыдамдылық қанымызда бар қасиет. Қанша қиын болса да, адам баласына білдіртпей, соңына дейін шыдап-бағып, жарияға жар салмай дйттеген мақсатыңа жеткенді күп көремін.»

тәлім алады» делінген. Біріншіден, мен ол университетті аяқтағанымда 2 жыл болды. Екіншіден, ояката деп кәсіби спортта жаттықтыратын бапкерді атаймыз. Ал университетте үш жағынан тартқыштап, жаттықтырған бапкерді сәнсей дейміз. Содан соң «Оқуға барғанда салмағы 130 келі болып, қазір 190 келіге дейін жеткен» деп жазыпты. Мен өмірімде 190 келіге «жақпандап» көрген емеспін.

– 2019 жылы жастар арасында Жапония чемпионы атанғаныңызды сұрағанымда мұны атақ деп есептемейтініңізді айттып қалдыңыз. Неліктен?

– Университеттер арасында жыл сайын Ёкодзуна жарыстары өткізіледі. Сол сайыста 2018 жылы жеңімпаз атанған сумошы мен 2019 жылы топ жарған балуанды жеңіп, чемпион атандым. Мен атақ-даңққа мүлде қызықпаймын. Бұл – атақ үлестіретін жер емес, үлкен спорт. Бұл спортты жанымызға серік еткен соң, талпындық, тырыстық, жеңдік. Бар болғаны осы.

– Елдегі сумо спортының жанкүйерлері осы жарыстан соң сізден көз жазып қалғанын айтады. Бәрінен жырақ жүруіңізге көпшіліктің көзіне түскенді ұнатпауыңыз себеп пе әлде оқуға ден қойып, жарыстарға қатысуға мүмкіндік болмады ма?

– Бұл сайыстан соң Токионың оңтүстік бөлігінде кіл мықтылардың басын қосқан жарыста да қарсылас шақ келтірмедім. Сөйтіп, шетелдіктер арасынан бұл жарыста жеңіске жеткен тұңғыш чемпион атан-

майд. Бұл талапты орындаған мен жылына 6 рет, тақ айларда өткізілетін чемпионаттардың (басе) қыркүйек айында өтетініне үлгеріп тұрған едім. Бірақ сумо федерациясына кіру, сондай-ақ виза жасатуға байланысты құжаттар біраз кідіріп, ақыры ол жарысқа қатыса алмадым. Сөйтіп, қараша айында Фукуокада төртінші жоғарғы дивизион саналатын санданмада ұйымдастырылған чемпионатта күресіп, 7,0 есебімен жеңіске жеттім. Был қаңтар айында Токиода үшінші жоғарғы дивизион – макушитада бақ сынап, 5,2 ұпайымен жеңіліп қалдым.

– Көпшіліктің өткен аптада Осакада сайдың тасындай іріктелген сумошылар қатысқан баседағы жетістігіңізді сүйіншілеп жеткізіп, тарихи жеңіске теңеп жатқаны ағаттық болғаны ма? Кәсіби спортқа араласқан қараша айындағы чемпионатта жеңіске жетсеңіз, Осакадағы екінші жеңісіңіз ғой демек?

– Иә. Осакада кәсіби спортта екінші рет жеңіске жеттім. Ал оның алдында қатысқан чемпионаттың нәтижесі туралы көбі білмейді. Әр жерден бір жылт-жылт етіп көрінгенді сұқаным сүймейді. Сондықтан нәтижелерім туралы ешкімге тіс жармадым. Жария қылғым келмеді. Сұхбаттасудан әдейі бас тартып, бәрінен жырақ жүртім келді. Тек сіз «қаз-қалпында әрі шынайы ұсынамын» деген соң келістім. Былайынша тыныштық ұйған өмірімде осылай тыныш жүре бергенім жақсы. Мен журналистерді айтпағанда, қасымдағы жапондықтарға «нә», «жок» деп жауап

беремін (күліп). Өзіңіз айтып өткендей, елдегі журналистердің Осакада топ жарғанымыз тарихи жеңіске балап, тұңғыш рет чемпион атанды деп жазғанын көзім шалып қалды. Алайда бұл – менің екінші жеңісім. Бірақ қараша айындағы жетістік туралы естіп білмеген көпшілік наурыз айындағы чемпионаттың нәтижесін сүйіншілеп жазуда.

– Кинбозан деген лақап атыңызды кім қойды және бұл қандай мағына береді?

– Бұл лақап атты ояката, яғни бапкерім қойды. Өзі туып-өскен Кумамото қаласының маңайында Кинбозан тауы бар екен. Сондай-ақ, бала кезінде сумомен айналыса бастаған кезде осы лақап атпен жарысқа шықса керек.

– Сумошылардың тамақтануы, жаттығу туралы түрлі «аңыз» естиміз. «Күніне екі жүз банан, үш келі ет жейді» дегені қаншалық рас?

– Оның барлығы өтірік (күліп). YouTube-та сумошылар туралы видеоларды қарасаңыз «сумошылар салмақ қосу үшін тіпті арақ, сыра ішеді» деп айтатындар да кездеседі. Ондай болса олар баяғыда-ақ қант диабеті ауруына шалдығар еді. Мұның ешбірі шындыққа жанаспайды. Сізге өтірік, маған шын, қарапайым адамдар қандай тамақ ішсе, сол тамақты біз де

ішеміз. Бар болғаны біз екі есе тамақтанамыз. Сосын кәсіби спортшы ішетін протеин, глютамин, креатин секілді дәрумендерді біз де ішеміз. Өйткені мынадай ірі денемізге қажет дәрумендерді сіңіру үшін біз екі есе емес, төрт есе тамақтануымыз қажет. Ал бұл мүмкін емес іс болғандықтан, жетіспейтін дәрумендерді нұсқаулық бойынша ішуге тырысамыз. Сондықтан салмағына байланысты «сумошылар осылай тамақтанады екен» деген аңызға сенбеген жөн. Сіздерден айырмашылығымыз жоқ. Десе де арамызда тәтті тағам жегенді ұнататындар бар, мысалы, кейбіреулер күніне 5-6 балмұздақ жейді. Дегенмен олар бұл әдеттен арылмаса, ауыратынын түсініп, дұрыс тамақтануға тырысады. Өзіме келсем, мен негізінен көп тамақ іше алмаймын. Сіз айтқан екі жүз банан түтілі, екі бананға тойып қаламын. Содан соң

керек екенін тағы оқыдым. Жатақхана аумағынан ары асқанда кимоно кию міндеттеле ме сонда?

– Иә. Жатақханадан төрт шақырымға дейінгі қашықтықта күнделікті киіммен жүре беруге болады, ал одан әрі ассаси шапшыңа май жағып, кимоно киюің қажет.

– Сумошылардың әскер қатарында жүрген сарбаздар секілді қатаң режимді ұстанатыны рас па? Бір күндік режиміңізді баяндап бере аласыз ба?

– Рас. Бізде қатал тәртіп ұстану қажет. Таңғы алтыда ұйқыдан тұрған соң, жуынып, жатын орнанды жинайсың. Сосын қол-аяғыңа пластер жабыстырып, жаттығу залына беттейсің. Он бірте таман жаттығу аяқталған соң, дохені (сумо алаңы) тазалауың қажет. Сосын тамақтанамыз, жуынамыз. Одан кейін кезекші болған жағдайда, асуіге барып, ыдыс-аяқ жуамыз. Бірінші, екінші және үшінші қабаттағы асуіді тазалауға арнайы кезекшілік жасалады. Соны атқаруымыз қажет. Түскі ас ішкен соң, екі сағаттай тынығамыз. Сағат төрттер шамасында айналымызды жинастыруға кірісеміз. Содан соң жаттығу залына барамыз. Кешкі тамақ ішіп, жаттығу кіндерімізді жуамыз. Сосын дәрі-дәрмек, дәрумендерімізді ішіп, ұйқыға кетеміз. Түнгі онға дейін жатақханада болуың қажет, дәл сол уақытта бізге жетекшілік ететін ояката барлығымыздың түтел екенін хабарлайды. Сосын түнгі он бірде жарық өшіріледі. Біздегі талап осындай.

– Бірақ жоғары дивизионға көтерілген сайын сумошыларға қойылатын талаптар саны азаятын шығар?

– Иә, дивизион бойынша жоғарылаған сайын, талаптардың күші де жоюылады. Қазір мен макушита дивизионында күресемін. Маған аса қатал талап қойылмайды.

– Десе де әрдайым мұндай талаптарға сай жүру қиын екені белгілі. Ара-тұра қолды бір сілтеп, сумодан кеткіңіз келегін сәттер бола ма? Бастапқыда бөтен елге барып бейтаныс спортпен айналысуға жүрексінген жоқсыз ба?

– Басында Асасёрюдің айтқан ұсынысына ойланбастан келістім. Бірден «барамын» дедім. Әкем «Балам, ойланып көр. Барамын десең, ұстамаймын. Қолыңан ұстатамын, ақшанды қалтаңа салып, жардайыңды жасап беремін. Бармаймын десең де, ренжімеймін, бірақ ертен өмір бақи өкініп жүрмесек болғаны. Елдегі он сегіз миллион адамның ішінен тек саған осындай таптырмас мүмкіндік беріліп отыр. Өзің шеш» деп ақылын айтты. Бастапқыда қиналғаным рас. Өзіңіз ойлап көріңізші, Жапонияға алғаш рет табан тіреген мен жапонша түсінбеймін, ағылшынша кішкене білемін, бірақ жапондықтар бұл тілді жетік меңгермеген. Абдырағаным рас. Оған жоғарыда айтып өткен қатаң талаптарды қосыңыз. Өз басымнан өткен соң, мұндағы талаптардың ешбір спорт түріндегі ережеге ұқсамайтынын түсіндіріп жеткізе алмаймын. Әдепкіде қайтқым келіп, қипалақтағаным бар. Ондай сәтте әкем «Балам, шыда, чемпион болу оңай деймісің? Чемпион болу оңай болатын болса, екіншісі чемпион болмай ма? Шыда!» деп желпіндіріп қойды. Сөйтіп жүріп шыдадық, тіл үйрендік, төңірегімізге үйрене бастадық. Бір қарасам, алты ай, енді бір қарасам бір жыл өтіп кеткен. Сөйтіп бірте-бірте осындағы режимге бойым үйреніп кетті. Оған қоса, әке-шешем, ағайын-туыс үміт артып отырған соң ұятқа қалдырмайын деп тырысып-бақтым. Оның үстіне, жылық тектес халық болған соң, шыдамдылық қанымызда бар қасиет. Қанша қиын болса да, адам баласына білдіртпей, соңына дейін шыдап-бағып, жарияға жар салмай дйттеген мақсатыңа жеткенді күп көремін.

– Қанша қиын болса да, ёкодзуна атанбайынша тынбаймын дейсіз ғой? Спорттан тыс қандай жоспарыңыз бар?

– Жоғары дивизионға шығу үшін көп жаттығу керек. Қазір маған ең жоғарғы өтуге бір-екі саты қалды. Содан соң ондағы комукуби, сэкивакэ, одзэки, ёкодзуна рангіне таласуға мүмкіндік бар. Маған дәл қазір жыл сайын өтетін алты жарыстың алтауында да тұрақтылық көрсету керек. Біреуіне қатыспасаң рангің «түсіп» қалады. Келесі басө мамыр айында өтеді. Сонда тағы топ жаруды көздеп отырмын, қазір сол үшін күні-түні жаттығып жүрмін. Тағы бір мақсат – кіндік қаным тамған жер Қазақстанға оралып, жеке кәсіп ашып, ауылшаруашылығымен айналысқым келеді.

Әңгімелескен Әлия ТЛЕУЖАНҚЫЗЫ

Директор – Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ

Бас редактор Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

Бас редактордың орынбасары Бейбіт ТОҚТАРБАЙ

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

ЖУРНАЛИСТЕР: Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ, Әлия ТЛЕУЖАНҚЫЗЫ, Ділда УӘЛИБЕК, Ахмет ӨМІРЗАҚ (Алматы қаласы)

Түркиядағы меншікті тілші – **Әбдуқап ҚАРА** (тел. 905545044961). e-mail: karavahap@gmail.com

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ: Елдар ҚАБА (беттеуші-дизайнер)

Корректор: **Эльмира ОРАЛБАЙ**

Нөмірдің кезекшісі: **Ділда УӘЛИБЕК**

Мекенжайымыз: 010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Д.Қонаев көшесі 12/1

Редакция телефоны – 8(7172) 72-95-39
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
 reklama.aigun@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
 8 (777) 573-96-16, 8(7172) 72-95-39
 podpiska.alt@gmail.com

● Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді
 ● Оқырман хаттарына жауап қайтарылмайды
 ● «Түркістан» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
 ● Суреттердің саласына редакция жауап береді
 ● Мақалалар коммерциялық негізде басылды
 ● Жарнамалар мазмұнына редакция жауап бермейді

M 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Газет «Түркістан» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитетінде тіркеу алынып, қайта есепке қою туралы №КЗ20VPU00019166 куәлігі 08.01.2020 жылы берілген.

Индекс: Жеке жазылушылар үшін – 65413, мекемелер мен ұйымдар үшін – 15413.

● Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
 ● Тапсырыс №10200. Таралымы 5001 Көлемі 4 б. т.

Бағасы келісім бойынша